



ЖАНАЙҚАЙ



Бүгін жатақханада.

Ертең?..

Астананың іргесіндегі жатақханада тұрып жатқан 7 отбасының тағдыры қыл үстінде. Себебі сот орындаушысы мен қалалық «Городская недвижимость» мекемесінің өкілі 7 отбасын күштеп жатақханадан шығаруға тырысып жатыр. Алайда тұрғындар сот орындаушысының талабын орындауға қарсылық білдіріп, пәтерден шықпайтынын айтқан.

(Жалғасы 7-бетте)



4 МҰНАЙ: ІРКІЛІС ПЕН СЕРПІЛІС

5 АҚТӨБЕДЕН АМЕРИКАҒА...

7 ҚЫРАНДЫ ҚОРЛАМАС БОЛАР

9 ҰЛЫ ӘНШІНІҢ СОҒЫ ЖҰМБАҒЫ



АЛ, ӘЙТПЕСЕ



БЕС БАЛАҒА ЕКІ ҰСТАЗ

Таңқалмаңыз! Қызылжар өңіріндегі Бірлік ауылында 5 оқушыға арналған мектеп ашылды. Оларға екі мұғалім, от жағушы, еден жуушы, күзетші мен мейірбикені қосқанда 8 адам қызмет көрсетеді.



(Толығырақ 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)

48,43

DOLLAR

338

EURO

382

РУБЛЬ

5,28

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Мектебін мынау класын, Сұлулық салонынан шығасын.

(Жалғасы 3-бетте)

БАСПАСӨЗ – 2016

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі 65032

Жазылу мерзімі	Алматы	қала	ауыл
1 айға	225,29	235,86	248,6
3 айға	675,87	707,58	745,8
6 айға	1351,74	1415,16	1491,6
12 айға	2703,48	2830,32	2983,2

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САЙТЫ

jasqazaq.kz

«Жас қазақ» газетіне 2016 жылға жазыну жалғасуда



Тәртібі: 2

Билік

«Жер шары тұрғандарының 70 пайызын және әлемдік экономиканың жартысын құрайтын мемлекеттердің басшылары бас қосатын осындай ірі іс-шараға қатысу – Қазақстан үшін зор мәртебе». Бұл туралы мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қытай Халық Республикасына сапарының қорытындысына арналған брифинг барысында мәлімдеді. Мемлекет басшысы G-20 саммитіне екінші рет қатысып отыр.

Елбасы «Мұнда жаһандық экономика мен саясаттың салмақты мәселелері талқыланады, ірі өңірлік және әлемдік мәселелер, соның ішінде қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша ортақ ұстанымдар әзірленеді. Бірінші сессияда сөз сөйлеген кезде мен осы барлық мәселе жөніндегі еліміздің көзқарасын ұсындым. Саммиттегі пікірсайыс барысында ғаламның тынысын сезініп, әлемнің дамыған және дамушы елдерін алаңдатқан проблеманы ұғынасым. Қазақстанға да осында көтерілген мәселені ескеріп, онымен алдын ала айналысуы керек, — деді. Мемлекет басшысының айтуынша, қазір жұмыссыздықтың төменгі деңгейін сақтап, жаңа жұмыс орнын ашуды ойластыру қажет. Дағдарыспен күрестен экономикалық өсімге қадам басу керек. Елбасы бүгін өтетін үкіметтің кеңейтілген отырысында осы мәселе көтерілетінін тілге тиек етті.

Мемлекет басшысы Қытайға жұмыс сапарымен барғанда ел аумағында бірлескен заманауи кәсіпорын салуға қатысты келісімге келгенін айтты. Бұл тізімге 51 нысан кіреді. Бүгінде онын екеуі салыныпты. Жалпы құны 2,5 млрд доллар



ЭКОНОМИКАНЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУДА – НАҚТЫ ҚАДАМ

болатын төрт нысанның құрылысы биыл аяқталады. Бес жылдың ішінде жалпы құны 26 млрд доллар болатын 5 кәсіпорын салу жоспарлануда. Бұдан бөлек, осы жұмысты қолдау үшін компаниялар арасында да, мемлекеттер арасында да бірлескен Қазақстан-Қытай қоры жұмыс істейді. Президент «Жыл сайын Қазақстан мен Қытай аумағынан өтетін жүк транзиті көлемінің артып келе жатқаны байқалуда. Ақтау портын пайдалану айтарлықтай жанданды, осыған дейін олай болмаған еді. Бұл жағдай Қорғас құрғақ портының, ұзындығы 300 шақырымға жететін Қорғас-Алматы теміржолының және Батыс Еуропа — Батыс Қытай торабының құрылысына байланысты болып отыр. Логистикалық орталықтар құрылды. Бұл көлік тораптары өсім нүктесі болып саналады. Сондай-ақ біз энергетика және технология саласындағы ынтымақтастық туралы уағдаластық», — деді.

Нұрсұлтан Назарбаев аса ірі кен орны — Қашағанның іске қосылуына

байланысты Қазақстан мұнайын жеткізу мүмкіндігі артатынын атап өтті. Қазіргі уақытта біз Қытайға 7 млн тоннаға жуық мұнай жеткіземіз. Бұл көрсеткішті 20 млн тоннаға дейін арттыруға, сондай-ақ газ жеткізу көлемін ұлғайтуға мүмкіндік бар. Бұдан бөлек, еліміз бен Қытайдың ауыл шаруашылығы саласындағы өзара іс-қимылына егжей-тегжейлі тоқталды.

Н.Назарбаев «Алғаш рет Қытайға азық-түлік бидайын, басқа да дөңді-дақылдарды, асбұршақ пен майлы дақыл түрлерін, сондай-ақ ет пен құс жеткізу туралы келісімге келдік. Бұған дейін бізде мұндай болмаған еді. Осылайша, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілеріміз үшін жол ашылып отыр. Менінше, бұл — қуанышты жағдай, — деп атап өтті. Мемлекет басшысы қол жеткен уағдаластықтардың нақтылануына назар аударып, екі ел үкіметтерінің оны іске асыру үшін тиісті жұмыс жүргізу керек екенін атап өтті.

(Өз тілшіміз)

Ауыс-түйіс

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен Премьер-Министрдің міндетін уақытша атқару Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаевқа жүктелді.

Ал Кәрім Мәсімов Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы болып тағайындалды. Ол Премьер-Министр қызметінен босатылды.

Владимир Жұмақанов Қазақстан Президентінің кеңесшісі қызметін атқарады.

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

10

млн теңге. Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов сал ауруына шадыққан балаларға ақша аударды

30

млн еуро. Алматы маңындағы тауында салынатын шыны көпірге жұмсалатын қаржы көлемі

1

млн доллар. «Қорғас» халықаралық орталығының президенті Василий Ни осынша пара алған

Мәулен ӘШІМБАЕВ,

Мәжіліс депутаты:

«Салафизм – бұл идеология. Ал идеологияға тек идеологиямен ғана қарсы тұра аламыз. Яғни халыққа түсіндіру, мемлекеттің осы бағыттағы саясаты, біздің ханафит мәзһабымыз туралы кеңінен түсіндіру керек. Мен мұны жалпылама айтып отырмын. Өйткені, заң жобасында идеологиялық немесе басқа да қызметтер туралы толық қамтылмаған»

Қайрат ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ,

дінтанушы:

«Әрине, идеологияға идеологиямен қарсы тұрамыз деген дұрыс. Алайда Қазақстанда бұрын «Таблиғи жамағат» деген ағым болған, ол идеология, еш жерде тіркелмеген ағым еді. Осыған біз заң арқылы тосқауыл қойдық, тыйым салдық. Идеологияға қарсы күрес үшін де мемлекеттен қолдау да керек, қаражат та бөлінуі керек»

АПТАНЫҢ АЙТЫСЫ

Бірғаным ӘЙТІМОВА,

Сенат депутаты:

«Қазақтың менталитетін ескеру керек. Біз туған-туыстардың үйінде айлап жатуды жақсы көреміз. Осыны ұмытпайық»

Ахмет МҰРАДОВ,

Сенат депутаты:

«Ресей азаматы 30 күнге Қазақстанға тіркеусіз кіре алады. Ал отандастарымыз он күннен кейін тіркелуге жүгіруі тиіс пе?»



Рашид ЖАҚЫПОВ,
ішкі істер вице-министрі

«Бұл жерде біз «прописка» туралы айтып отырған жоқпыз. Қазір «уақытша тіркеу» деген қызмет бар. Заңға сәйкес, үй иесі он күннің ішінде ол адамдарды «уақытша тұрушы» ретінде тіркеуге қойса болды, артынан ол үйде қанша тұрса да, өз еркі. Ал адамды уақытша тіркеу үшін көп құжаттың қажеті жоқ. Жеке куәлік болса болды. Біз ел қауіпсіздігі мақсатында адамдардың көші-қонын бақылауда ұстауымыз қажет. Осыны дұрыс түсініңіздер»

(Сенат отырысындағы әңгімеден)

Әлеумет.t⁰

Бүгінгі қиял,
ертеңгі ақиқат

Ақын Қажытай Илияс ағамыз көзі тірісінде бір әнгіме айтып еді. «Кезінде «Ара» журналындағы фельетонға ілініп кеткен басшы сол күні-ақ қызметімен қоштасатын. Журналист пен каламгерліктің «алтын ғасырын» бір кісідей бастан кешкен бақытты ұрпақ екенбіз. Қазіргі тілшілерді айймын: тіліп айтады, сойып жазады — бірақ сөзін тыңдап жатқан ешкім жоқ» — деп еді. Сол «алтын ғасыр» қайтадан орнайтын сияқты.

Сөзіміздің дәлелін айтайық. Өзіміздің «жекеменшік» министріміз — Дәурен Абаевты Елбасы қабылдаған сайын көңілім марқаятын болды. Осы аптада тағы да шақырды. Екеуара әңгіменің өзегі — Елбасы ақпарат саясатына айрықша көңіл бөлетінін жеткізді. Сондай-ақ тиімді ақпараттық саясат жүргізудің, елдегі медиа кеңістіктің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтті.

Елбасының «Министрліктің қызметіне тікелей өзім және Президент Әкімшілігінің басшысы бақылау жасайды. Басқа тұлғалардың араласуына жол берілмейді» — деп қадап айтуы тегін емес. Бұл — бұдан былай ақпараттық сала қызметкерлері — журналистердің көтеретін жүгі ауырлағанын, сөздің тегін айтылып, босқа жазылмайтынын көрсетсе керек.

XXI ғасыр — ақпараттық соғыс майданы. Көрші елдердің қай-қайсысын қарап отырсаңыз да, БАҚ-ын бақылаудан шығарған бірі жоқ. Бәрі баспасөзіне қырағы. Көрші өзбектерді қараңызшы, тәуелсіз БАҚ — деп бас-басына бақылдап отырған бірі жоқ. Ұйыған айрандай.

Қытай екібастан сөз қадірін біледі. Сұрақ-жауапсыз ешнәрсе жаздырмайды. Ал жазылған екен, мәселе күн тәртібінде қаралып, ақ-қарасы анықталады. Содан шығар, Аспан асты еліндегі журналистердің әлеуметтік мәселесі шешілген. Құқығы қорғалған.

Түркияны айтайық. Бұрын саржағал басылым мен оппозициялық газет мол болатын. Қазір бәрі ретке

келіп жатыр. Билік ақпараттық саланы өз қарауына алған. Олар да медиа кеңістіктің қауқарына көзі жетсе керек. Сондықтан елдің ақпарат айдынына көлденең көк аттының кіріп кетуінін алдын алуда.

Ал біздегі жағдай қалай? Мәз емес. Сайттардағы сауатсыздықтан көз шалынады. Кез келген ақпаратты рейтинг үшін сала беруді әдетке айналырдық. Instagram мен Facebook әріптестеріміздің азығына айналғаны қашан. Ол туралы айтылып та, жазылып та жатыр. Бірақ бақылау жетіспей тұр. Саясаттанушы Айдыс Сарым «Соңғы кезде орыс түгілі, қазақ сайттары руымызды түгендеп, санын санауға қайта кірісіпті. Бұл да қазаққа қарсы шабуылдың патшалық Ресейден келе жатқан түрі. Түбі – қазақты бөлу, біріне-бірін айдап салу, іріту. Тіпті жарияланған деректері ғылыми не статистикалық тұрғыдан еш сын көтермейді», — деп Фейсбуктегі паракшасына жазды.

Елбасы ақпараттық саладағы басшылардың біліктілігін де тілге тиек етіпті. «Біздің талапқа сай келетін, шет тілін меңгерген және ақпарат кеңістігінің басты үрдісіне сапалы талдау жасай алатын маманды таңдау керек. Жалпы, мемлекеттік ақпарат саясатының мәселесі менің басты назарымда» — деді.

Бөркінді ат, қазақ журналистері! Бұдан былай ақпараттық кеңістіктің қауіпсіздігі назарға алынып, БАҚ бұрынғыдай қараусыз қалмайды. Онда баспасөзден ықпайтын дөкейлер мен жуандар бұдан кейін тілшінің алдында құрақ үшшын деп үміттенейік! «Тыңдамаса сөз жетім» деуші елі, енді сөзіміз керекке жарап, баспасөзіміз ретке келіп, бір тәртіпке түсетін болады. Бұл бүгінгі қиял, ертенгі ақиқат болғай!

Жарас ШӨКЕ

Сөз-жебе

Жақып АСАНОВ,

Қазақстан Бас прокуроры:

«Сіз 90-жылы жер сатып алдыңыз делік. Ол кезде сом болатын. 500 сомың — 1 теңге. Астана әкімдігі осындай есеппен вокзал маңындағы жер телімін 2 теңге 80 тиынға бағалапты. Кейбіреулерге 5, 10 теңге ұсынған. Бұл «жергілікті биліктің мүлдем ақылға сыймайтын қисық шешімі. Оңтайлы жол — жердің орнына ақша емес, соған сай жер телімі немесе баспана беру»

Заң мен талап

Интернет те,
ұялы байланыс та...

Терроризм және экстремизмге қарсы күрес туралы жаңа заң жобасына сәйкес, құқық қорғаушылар интернет пен ұялы байланысқа шектеу қоя алады.

Сонымен қатар ел аумағындағы барлық мобильді құралдардың IMEI-кодның бірінғай базасы құрылмақ. Код әрбір адамның абоненттік нөмірімен бірге тіркеледі. Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Марат Калқабаевтың айтуынша, ұялы телефон саудасын тәртіпке келтіру мақсатында IMEI-коды бірдей телефондарды елімізге әкелуге тыйым салу қарастырылған.

Біздің сұхбат

Еліміздегі мемлекеттік емханада халыққа қызмет көрсететін дәрігерлер жетіспейді. Мұның себебі – білікті дәрігерлер жекеменшік клиникаларға кетіп жатыр. Ал мемлекеттік емханаларда айлық жалақы аз болып отыр. Егер дәрігерлердің жалақысын көтермесек, мемлекеттік емханаларға маман келмейді. Мәжіліс депутаты Дәния Еспаева газетімізге берген сұхбатында осылай деді.

Жас казак: Күні кеше Сіз медицина оқу орындарында балалар дәрігері бөлімдерінің жабылуына байланысты Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің атына депутаттық сауал жолдадыңыз. Министрлік жоғары оқу орындарынан «педиатр» мамандығын неге алып тастаған?

Дәния Еспаева: Денсаулық сақтауды дамытудың 2011–2015 жылдарға арналған бағдарламасы аясында былтырдан бері балалар емханасы ересектер



Дәния ЕСПАЕВА:

Елде педиатр жоқ

емханасымен біріктірілген болатын. Осыған байланысты барлық медицина мекемесінде жалпы тәжірибедегі дәрігер балаларды да, ересектерді де қабылдай береді. Себебі жоғары оқу орындарында «педиатр» мамандығы жойылған болатын. Мұндай жаңалық қоғам тарапынан орынды сынға ұшырауда. «Ақ жол» партиясына шағымданғандар осының салдарынан емханаларда бір дәрігерге қаралу үшін аяғы ауыр әйелдер де, емшектегі баласы барлар да, қарт кісілер мен жас балалар да үлкен кезекке тұратынын айтады. Ондай кезекте тұрған науқастардың көңіл-күйі айтпаса да түсінікті.

Бүгінгі күні терапевт дәрігерлер төрт айлық курстан өткендіктен, олар балалар арасында ең көп таралған ауру түрі туралы ғана білімін жетілдіреді. Ал балалар азғасының ерекшелігі арнайы біліммен қатар ұқыпты қарым-қатынасты да талап ететіні белгілі. Мәселенің моральдық-психологиялық қырынан бөлек, балаларды емдеудегі ендігі дәрігерлердің білікті әрі тиімді қызметі де күмән тудырады. Мұндай реформа ата-аналардың ғана емес, дәрігерлердің өздері тарапынан да түсініспеушілікке ұшырауда. Ең сорақысы, осындай сынақтан біздің балаларымыз жапа шегіп жатыр.



Жас казак: Ала жаздай еліміздің әр аймағында болып, халықпен кездестіңіздер. Өзіңіз еліміздің қай өңіріне болып, қандай түйткілді көзбен көріп келдіңіз?

Дәния Еспаева: Негізінен, іс-сапар бойынша Ақтөбе облысында болып, ондағы халықтың тыныс-тіршілігімен таныстым. Сол кездесулерде қарапайым халық тарапынан медицина саласындағы олқылықтар туралы көп естідім. Өзім депутат болмай тұрып, 30 жылға жуық банк саласында жұмыс жасаған болатынымын. Сондықтан да медицина саласына ешқандай қатысым жоқ адаммын. Алайда күнделікті өмірде қарапайым халықтың дәрігерлерге бірнеше күн бойы кіре алмай жүргенін көріп жүрміз. Мәселен, жуырда немерем ауырып емханаға емделейін деп барса, «екі аптадан кейін келіңіз» деп қайтарып жіберіпті. Өзі ауырып тұрған адам екі аптада ауруын асқындырып алмай ма? Бұл өзгеріске ата-аналардан бастап, дәрігерлердің өзі наразы болып отыр. Оларға «былтыр осы заң қабылданып жатқан кезде өз наразылығыңызды неге айтпадыңдар» десем, «Жоғары жақтан бізге бұйрық келді» дейді.

Бұған дейін Ресейде балалар мен ересектерді бірге қарайтын бағдарлама қабылдау мәселесі көтерілген болатын. Бірақ олар аталған бағдарламаны

болсақ «Ресей немесе Еуропаның тәжірибесіне сүйене отырып, заң қабылдадық» деп айтамыз ғой. Ендеше, біз неге осы жерде Ресейдің тәжірибесін алған жоқпыз? Менің ойымша, медициналық институттарға балалар дәрігері факультеттерін қайтадан ашуымыз керек. Сондықтан да жұртты алаңдатып отырған мәселенің онынан шешілуі үшін ақырына дейін күресемін. Депутаттық сауалға Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі Тамара Дүйсенова жауап берсе, оны міндетті түрде әлеуметтік желі арқылы жариялаймыз.

Жас казак: Емханаға барған адамдарлар ондағы кезектің салдарынан «ауруымызға ауру жамап қайтамыз» деп айтады. Жалпы, медицина саласындағы ұзынсонар кезекті қалай шешкен дұрыс деп ойлайсыз?

Дәния Еспаева: Ең біріншіден, емханада халыққа қызмет көрсететін дәрігерлер жетіспейді. Мұның себебі – білікті дәрігерлер жекеменшік клиникаларға кетіп жатыр. Ал мемлекеттік емханаларда айлық жалақы аз болып отыр. Егер дәрігерлердің жалақысын көтермесек, мемлекеттік емханаларға маман келмейді. Сондықтан да ең бірінші кезекте дәрігерлердің жалақысын көтеруге күш салуымыз керек. Сондай-ақ мемлекеттік емханаларда медицина саласы бойынша



қабылдамай тастады. Белгілі ресейлік дәрігерлер «балалар дәрігері болмаса болашағымызды жоғалтып аламыз» деп президентке айтқан екен. Бір қызығы, біз қандайда бір заң қабылдайтын

барлық мамандар болмай отыр. Мәселен, қазіргі таңда мемлекеттік клиникаларда балалар неврологы мен отоларинголог жоқ. Дәл қазіргі таңда аталған мамандықтарға деген сұраныс жоғары.

Жас казак: Сөз басында 30 жыл бойы банк саласында қызмет еткеніңізді айттыңыз. Қарапайым адам кәсіпкерлікпен айналысамын деп екінші деңгейлі банктен несие алатын болса, оның пайызы тым жоғары. Мәселен, 1 миллион тенге алсаңыз, оның үстіне 1 миллион қосып қайтарасыз. Осы мәселені қалай шешуге болады?

Дәния Еспаева: Қазіргі таңда 16 пайыздан бастап 22 пайызға дейін несие берілуде. Кейбір жекеменшік банктер ойына келгенін жасап жатқан шығар. Алайда Ұлттық Банк оларды қатан бақылап отыр. Ал кәсіпкерлік ашамын деген адамға 16, ары кетсе, 22 пайызбен кредит беріліп жатыр. Сондай-ақ үкіметтің бағдарламалары бойынша 6 пайызбен несие алып, кәсіп ашуға мүмкіндік бар. Бұдан бөлек, «Бизнестің жол картасы» бағдарламасы арқылы ақша алып, өндіріс ашуға болады. Өзім Ақтөбеде жұмыс жасағанда байқағаным, 7-9 пайызбен несие алуға мүмкіндік қарастырылған.

Сұхбаттасқан Серік ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Қылмыс

Алғаны үшін қамалды. «Қорғас» шекара маңы халықаралық ынтымақтастық орталығының президенті Василий Ни пара алды деген күдікпен 2 айға қамалды.

Пара –1 млн доллар



Бұл туралы еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ұлттық бюроның департаменті хабарлады. Ресми ақпаратқа қарағанда, Василий Ниді қамау туралы санкцияны Алматының Медеу аудандық №2 соты шығарған. В.Ниді қамауды коррупцияға қарсы қызметтің жедел-тергеу тобының жетекшісі сұраған. Сондай-ақ хабарламала «Тергеушілер Василий Ни өзінің қол астындағы инвесторлармен жұмыс

жөніндегі бөлім жетекшісі Сайдуллаевтың көмегімен бопсалау арқылы «Қорғас Тюльпан» ЖШС өкілінен 1 миллион доллар пара алғанын анықтады. Өз кезегінде ол халықаралық орталық аумағында салынбақ бес жұлдызды қонақүй құрылысы бойынша тендерді осы компанияға ұтып бермек болған», – делінген. Қазіргі уақытта күдікті Қылмыстық кодекстің 128-бабына сәйкес, қамауға алынды. Сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізіліп жатыр.

Масқара

Астанада кәмелетке толмаған қыздардың жасанды түсік жасатуы азаяр емес.

Түсік жасатқан оқушылар

Жыл басынан бері 1484 жасанды түсік жасалыпты. Олардың арасында сегізгі мектеп оқушысы. Мектеп қабырғасында жүріп жүкті болған қыздар 14–18 жаста. Бұл туралы NewTimes.kz агенттігі қалалық денсаулық сақтау басқармасына сілтеме жасай отырып хабарлады.

Былтыр Астанада 1521 түсік жасату оқиғасы тіркелсе, олардың 15-і әлі кәмелетке толмағандар.

Мамандар кәмелетке толмаған қыздарға ата-анасының қадағалауынсыз жасанды түсік жасатуына болмайтынын ескертеді.



Ал, әйтпесе

Бес балаға екі ұстаз

Еліміздегі ең шағын мектеп Солтүстік Қазақстан облысындағы Бірлік ауылында ашылды. Мұнда небәрі бес оқушы бар. Бала санының аздығынан үш жыл бойы жабық тұрған білім ордасы биылдан бастап қайта жұмыс істеп жатыр.

Бұған осы өңірге Қытайдан қоныс аударған қандастарымыз себеп болған. Бірлік орта мектебі бала санының аздығына байланысты 3 жыл бұрын жабылған еді. Енді теріскейге Қытай мен Талдықорғаннан көшкен он отбасындағы бес бала оның қайта ашылуына сеп болып отыр. Қоныс аударғандардың кейбіріне білім ошағынан жұмыс та табылыпты.

ktk.kz сайтының хабарлауынша, Бірлік мектебіндегі бес балаға сабақ беретін екі мұғалімнің бірі – осы мектептің түлегі. Ең шағын мектеп ғимаратын жөндеуге 3,5 млн теңге жұмсалған екен. Оның сыртында 1,5 млн теңгенің қазандығы бар. Ал екі мұғалім мен бес балаға от жағушы, еден жуушы, күзетші мен мейіркбені қосқанда 8 адам қызмет көрсетпек.



Қызықтан қызықтары

Мектебің мынау, класың, Осында он жыл тұрасың. Тарыдай болып кіресің, Сән салонынан шығасың.



Мектептегі сән салоны



Қызылорда облысы Шиелі ауданы Жөлек ауылының мектебінде көргенде еріксіз осындай өлең оқығың келеді. №152 мектеп-интернаттың шәкірттері жаңа оқу жылын сән салонымен бірге бір ғимаратта бастады. Stan.kz хабарлағандай, Жөлекте мектептен бөлек, шопандардың балаларын оқытуға арналған арнайы интернат та бар. Міне,

сол интернаттың ғимаратында жұмысын бастаған сән салонның қызметіне көпшілік наразылығын білдіруде. Ал ауыл әкімі Бегімтай Сатаев, «Бір ауылға бір шаштараз керек деп ойладық», – дейді. Тіпті осылайша кәсіпкерлікке қолдау жасағысы келген. Әкім «Әлі заңдастырмағанмыз рас. Құжатын енді дайындаймыз», – деп отыр.

«Қара алтын»

«Саясатта математика жүрмейді. Содан шығар, екіні екіге қоссаң төрт болмайтыны». G20 саммитінен қайтар жолда түрік журналистеріне осы сөзді айтқан Ердуан құбылмалы ұстанымды меңзесе керек.

Мұнай саясаты да сондай. Кешегі одактас бүгін экономикалық бәсекелес. Немесе керісінше. Аса ықпалды мемлекеттердің басшылары жиналған кездесуде бизнес әлемі күтпеген келісімге қол қойылды. Ресей мен Сауд Арабиясы өзара ынтымақтас жөнінде уағдаласты. Мәмілеге сәйкес, тараптар өндіріс көлемін азайтады. Бұған қоса мұнай нарығында тізе қосуға әрекет етеді.

Ханжоуда жасалған келісім екі сипатымен ерекшеленеді. Біріншіден, «қара алтынды» ең көп өндіретін екі ел күні кеше бір-бірімен дұрдараз еді. Мәскеудегі саясаткер мен хабар-ошар құралдарының мұнай бағасының құлдырауына «саудиялықтар кінәлі» деп жатқаны күні кеше еді. Екіншіден, Ханжоудағы дүбірлі жиынға Барак Обама да барды. Араб дүниесіндегі сенімді серіктестің Мәскеумен ымыраға келуі біраз сауалды көлденең тартады. (Әр — Рияд) бұдан былай мұнай саясатында Вашингтонмен кеңесіп тон піше ме? Дәл осы сұрақ сарапшы атаулыны көбірек толғандырады.

Ресей президенті В. Путин мен Сауд Арабиясының мұрагер ханзадасы Мұхаммед бин Салман арасында жасалған уағдаластық бойынша арнаулы жұмыс тобы құрылады. Ол «қара алтын»



айтыла бастады. Қазіргі баға имантаразы. Бірақ өнімнің өзіндік құны қымбатқа түсетін кейбір елдер үшін бұл да төмен. Соның салдарынан «қара алтынның» арқасында қамсыз өмір сүрген Норвегия экономикасында өсім қарқыны тежелді. Деректерге жүгінсек, биылғы екінші тоқсанда бұл елдегі жалпы ішкі

Біріккен Ұлттар Ұйымымен келісім жасады. Сөйтіп, қара май өндірісін жандандырып, өнім сатуға рұқсат алды. Жақын арада Либия биржадағы бағаға ықпал етуі мүмкін. Айта кету керек, бұл елдегі мұнайда күкірт жоқтың қасы. Таза майға сұраныс та жоғары екені белгілі.

«Қара алтын» бағасының болашағы осы айдың соңында өтетін ОПЕК-тің кезектен тыс жиынында айқындалуы тиіс.



Мұнай: ІРКІЛІС пен СЕРПІЛІС



өнімнің көбеюі небәрі 0,4 пайызды құрады. Әлемдік мұнай нарығына ықпал ете алатын Нигерияның да жағдайы мәз емес. Жылдар бойы жинаған қоры таусыла бастаған терістік көршімізде кенші мен фермердің ереуілге шығуы тегін емес. Кремль мұнай бағасының құлдырамауына мейлінше мүдделі. Алайда әлемдік нарыққа геосаясатқа бағынбайды.



базарының тамырын басып, тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін тиісті ұсынысты айтып отырады. Осы мәміледен кейін арзандай бастаған мұнай бағасы ептеп көтерілді. Бір баррельдің құны 50 долларға қайта жақындады. Бағыты мен бағдары қара майға «байланған» рубль мен теңге біраз еңсесін тіктеді.

Мұнай төңірегінде жүрген мамандар бұл баға баянды ма? — деген сауалға, әрине, кесімді жауап айтпайды. Орыс пен араб компаниялары күнделікті өндіріс көлемін азайтса, біраз түсімнен қағылады. Өйткені, осы көрсеткіш бойынша екі әлемде көш басында. Ресейде өткен айда тәулігіне 10,713 млн баррель өнім өндірілсе, саудиялықтардың үлесі бұдан сәл көбірек. Екі ел арзан болса да, «қара алтынды» көбірек сатып, қазынаға америка акшасын түсіруді көздейді. Дейтұрғанмен, Александр Новак (Ресей энергетика министрі) ең тиімді тәсіл өндіріс көлемін шекті мөлшерден асырмауда деген пікірде.

Санкция алынғалы Иранға да өндірісті шектеу тиімсіз. Содан болар, Иран ұлттық мұнай компаниясының (NIOC) халықаралық байланыстар бойынша директоры Мұһсин Гхамсари «Нарықтың талабына сәйкес шикі мұнай өндірісі мөлшерін» арттыра аламыз» деді. Яғни сұраныс болып жатса, Тегеран бірнеше ай ішінде күн сайын 4 млн баррель өндіруге дайын. Шектеу енгізілгенге дейінгі көлем осындай еді. Иран аз уақыттың ішінде күнделікті



өндірісті 3,8 миллион баррельге жеткізіп тастады.

Мақала басында айтылған мәміледен кейін мұнай 50-60 доллар шамасында болады деген болжам қайта

Америкадағы тактатас мұнайын өндірушілерге әлгі 50-60 доллар тәуір баға. Өйткені, өндіріске көп шығын көп кетпейді. Сондай-ақ төңкеріс пен қақтығыстан енді ес жиып жатқан Либия да құм астындағы қырғын байлықтың игілігін көргісі келеді. Жаңа үкімет

жана жағдайда қалай әрекет етеді? Осы сұрақтың жауабын бүгін Елбасының қатысуымен өтетін үкімет жиыны беріп қалар. Үкіметте болған кешегі өзгеріс те үлкен бетбұрыстың белгісі секілді. Сәтін салса, бұл туралы газеттің алдағы нөмірінде кеңірек әңгімелейміз.

Срайыл
СМАЙЫЛ

Анық-қанық

Жыл соңына дейін Қазақстан Қытайға 30 мың тонна соя бұршағын экспорттауды жоспарлап отыр. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Гүлмира Исаева мәлім етті, — деп хабарлайды pm.kz.



1,4 миллиард қайтарылды

2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2016 жылдың 1 шілдесіне дейін басшылықтың (Кеңес Рақышев) қатысуымен, банк біршама қарыз активтерін қайтарды. Активтерді қайтару Рақышев мырзаның БТА-ның басшылық тобына келуімен едәуір өскен. Ұлыбритания мен Уэльстің Жоғарғы сот үкімін орындау барысында, Ресей федерациясының, Украинаның және Қазақстанның сот шешімдеріне орай, БТА банкке тиесілі мүліктер мен қаражаттар қайтарылды. Соған қарамастан, Ұлыбритания соты Әбілэзовті БТА банкіне пайыздық есеппен 4,8 миллиард долларды қайтару үкімін шығарған.

БТА банк 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2016 жылдың 1 шілдесіне дейін банктің бұрынғы басшысы Мұхтар Әбілэзов жымқырған 1,4 миллиард долларды қайтарып алды, — деп хабарлайды «БТА Банк» баспасөз қызметі.



Соя бұршағын сатамыз

«Мемлекет басшысының Ханжоудағы G20 саммитіне қатысуы аясында соя бұршақтары бойынша фитосанитария талаптары келісіміне қол қойылды. Жыл соңына дейін Қазақстан Қытайға 30 мың тонна соя бұршағын экспорттауды жоспарлап отыр. Жылына 300 мың тонна жылқы экспортталады», — дейді Г.Исаева.

Жиһанкез

Жуырда еліміздің бір топ журналисі АҚШ елшілігінің ұйытқы болуымен Американың үш қаласында таныстыру сапарымен болып қайтты. Олар құрама штаттарының жоғарғы сотында болды, прокурор, адвокаттармен кездесті, сонымен бірге сондағы жетекші басылымдар редакцияларының жұмыстарымен танысып, электронды ақпарат құралдарында қонақта болды. Делегация құрамында «Жас қазақ» апталығының Ақтөбе облысы бойынша меншікті тілшісі де бар.

Әдетте, «әлем елдеріндегі болып жатқан жайттардың барлығына Америка кінәлі», «американдықтар ең ақылсыз халық», «бар бәле Америкадан келеді» деген сарындағы түсініктерді көрші мемлекеттердің ақпарат

да бір мекенжайды көрсетіп жібер дейсің. Жекіп тастайтын мәскеуліктер сияқты емес, смартфонын алады

калғандарын ашық айтып отырды. Тіпті аудармашының өзі оңаша калғанда, кей сөзді тәржімалауға келгенде кібірткітеп калғанын, алайда делегацияға сездірмей өткенін де мойындап отырды. Білдей басылымдарының бас

«

Ол ТОМПКИНС, Пойнтер институтының факультет деканы (Чикаго):

Қазақстанды танып отырмыз. Күні кеше Олимпиада ойындарында сіздің ойыншылар Ресейді де, АҚШ-та да артта қалдырды. Сіздің ел өзін жақсы жағынан көрсетіп келеді. Қазақстаннан келіп, біздің жұмыспен танысып, біліп жатқандарыңызға қуаныштымын. Бізге әрдайым қонақтар келеді. Соның ішінде посткеңестік елдерден де баршылық.

»

АҚТӨБЕДЕН АМЕРИКАҒА...



құралдары санамызға сіңіріп тастаған десек артық айтқандық емес. Ресейдің кез келген саяси жобалары мен көңіл көтеру бағдарламаларын көріп өсіп, солармен бірге мұхиттың арғы жағындағы алып империяны келемежедеп отырамыз. Шын мәнінде, Америка — Америка. Ол Еуропа да емес, ол Кығайда емес, тіпті Ресей де емес. Құрама штаттарына табан тіреп, ондағы өзге аураны сезініп, қуанғанымызды жасырмаймыз. Бірақ үш апта ішінде қуаныштан гөрі, өкініш сезімі басым болған секілді. Неге? Біз қашан осындай ел боламыз, қашан деңгейіміз АҚШ-қа жетеді» деген сауалдар маза бермеді. Сол бойда өзімізше жауап тапқандай болдық: «Біз бұл жалғанда Америка бола алмаймыз!» Ал өкініш сезімі кернеуінің өзі сондықтан болар! Америкада мынадай бар, ондай бар деп тізбелеуді жөн көрмедік. Өйткені, әлем таныған Американың әлемі жері кино, әдебиетте, тіпті балалардың мультфильмдері мен компьютерлік ойындарында аз айтылмайды, аз көрсетілмейді. Қандықол фильмдеріне қарап, азған мемлекет дейтініміз рас. Алайда, көрерменнің кан мен төсек тақырыбына құмар екенін әбден білген кинотеатрлар мен телеарналар рейтинг үшін дәл сол мазмұндағы дүниелерді сатып алып көрсететінін көзі ашық азаматтар түсінеді. Жаксы дүниені насихаттау — қашанда қалыс қалады емес пе?! АҚШ-тың әкімшілік қаласы Вашингтонда болдық. Биік үйлер салуға тыйым салынған. Ақтөбеде де кіші қала көрінді. Өйткені, шаһар көшелерін онды-солды жаяу жүріп-ақ жаттап алдық деуге болады. Бір аптада не жағана кір жұқпады, не туфлинді сұртпейсің. Бұл — бір. Адамдарының мәдениетінің деңгейі. Отыз екі тісін көрсетіп, күлімсіреп жүретін американдықтарды байқау үшін не сағат сұрайсың, не қандай

да, гугл-картаның көмегімен баратын жерінді тәптіштеп түсіндіріп, тіпті еріп барып көрсетіп жіберуге бар. Көшеде қаптаған афроамерикандық. Викимәліметтерге сүйенсек, Вашингтон тұрғындарының 55 пайызы қара нәсілділер екен. «Негр» деп кемсітуге болмайды. Жауапқа тартады. Сол кезде, баяғы әліппемізде ме, ана тілі оқулығында ма, «Джон — негр баласы, Америка қаласы» деген жолдар еске оралады. «Негр деп неге оқытты, неге үлкен елді қала деп түсіндірді» деп бас қатырудың өзі әбестік. Кенестік жүйенің ықпалы бастауыш сыныпта да болған дестік. Жоғарғы сотқа кірдік. Іші музей іспетті. Кез келген тұрғын емін-еркін кіреді, әділ сот жүйесі мұнтаздай саналатын құрылымның тарихынан сыр шертетін музейді

«

Джина ЛИМ, Миссисипи Халықаралық қатынастар консорциумының бағдарлама менеджері (Вашингтон):

Қазақстандық делегацияны АҚШ-та көріп отырғаныма қуаныштымын. Халықаралық көшбасшылар сапары бағдарламасы аясында біздің елге әлемнің көптеген елінен қонақтар келеді. Мақсатымыз, құрама штаттардағы жүйелермен таныстыру. Өрі біздің бағдарламаны әлемде кеңінен насихаттау. Қазақстанмен бұдан өрі де жақсы қарым-қатынас орната бермекпіз деп сенемін.

тоқтадық. Қонақүйде бірінші күні қызылды-жасылды киінген қара нәсілді адамдар қаптап кетті. Әсте бір карнавалға келгендей әсер қалдырған соң, қызығушылық танытып қастарына барып, мән-жайды білмек болдық. Тампадан 250 шақырым жерде Куба аралы орналасқан. Сөйтсек, әлгі тойлатып жүрген кубалықтар сол күндері аталып өтіп жатқан Фидель Кастроның 90 жылдығын тойлау үшін мейрамханаға жиналған екен. Жасандылық байқамалық, жүздерінде қуаныш, дайындықтары керемет, бастысы, көшбасшыларының туған күнін шын жүректен, шын көңілмен тойлап жатқандары анық аңғарылады. Ақтөбеде бара бермейтін түнгі клуб атаулыны Тампа қаласында көруді ұйғардық. Біз үшін үлкен жаңалық болғаны — би алаңында арбаға танылған азаматтардың да көңіл көтеріп жүруі, аяғын сілтіп басатыны да осында, таякқа сүйенгені де өзін мүгедекпін демейді. Жасы үлкені де, жастары да араласып, билеп жүр. Өздерін еркін халық сезінеді. Еш комплекс жоқ. Бастысы — кемсітушілік байқалмайды. Идеалды адам құқығы — түнгі клубтарда да сакталады.

»

бұрыннан сол жерде жүрген ол екі құрлық арасын салыстырып, өз түсінгендерімен бөлісті. Салыстыруға келмейтін екі дүние, екі әлем. Ұшағын, пойызын, жолдағы аялдамаларды есептегенде 100 сағатқа жуық уақытта АҚШ астанасы Вашингтоннан Ақтөбеге де жеттік. Әзірге күн мен түнді ауыстырып алған біз үшін қалыпты жағдайға келуге уақыт керек сияқты. Ал алған әсермен әзірге бөлісуге асығыстық танытып жатқанымыз жоқ. Мұхит асып келгендер әзілдеп болса да, біздің жүйеге қайта бейімделуге уақыт керекін айтады. АҚШ медиа нарығы, БАҚ нарығындағы тенденция, сот әділдігі, қоғамдық ұйымдар мен қайырымдылық шаралары, т.б. туралы газетіміздің алдағы санында оқи аласыздар.



Аскар АКТИЛЕУ, Ақтөбе — Вашингтон — Чикаго

ШАРТАРАП

Путин Ислам Кәрімовтің зиратына барды



Ресей президенті Владимир Путин Самарқанда Өзбекстанның бірінші президенті Ислам Кәрімовтің қабіріне гүл шоғын қойды. Бұл туралы РИА ақпарат агенттігі хабарлады. Путин Самарқанға келген бойда Кәрімов жерленген қабірге барды. Кабір Өзбекстанның тұңғыш президентінің туған қаласында, Шахи-Зинданың тарихи ескерткіші маңында орналасқан. Ол жерде Кәрімовтің ата-анасы жерленген. Ресей президенті Өзбекстанның тұңғыш президентін еске алып, республиканың премьер-министрімен бірге құрмет білдірді. Одан кейін президент өзбек көшбасшысының отбасына — жары Татьяна Кәрімоваға және оның кенже қызы Лола Кәрімова-Тилляеваға көңіл айтып, қайғысына ортақтасты. Путин Кәрімовпен «достық қарым-қатынаста болғанын» айтып, Өзбекстанның жана билігімен арадағы байланыс сондай күйде сақталатынына сенім білдірді.

Отынбаеваға оңай болмады

«Кыргыз халқы — текеге еріп құрлымға кететін қой емес» — деп мәлімдеді мемлекет басшысы Алмазбек Атамбаев Кыргызстан тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өткен мереке кезінде. «Осыдан он жыл бұрын осы алаңда Өмірбек Текебаев Токмак ет комбинаты директорының мынадай әңгімесін айтқан. Кеңес кезеңінде малды тоқпен ұрып



өлтіретін. Өлімнің ісін сезген жануар мал соятын қораға кіруден қашатын. Сол кезде арнайы үйретілген теке малды бастап барып, өзі құтылып кететін». Еске салсақ, Кыргызстан президенті Алмазбек Атамбаевпен бірқатар депутаттар ел Конституциясына өзгеріс енгізуді айтқан болатын. Тіпті референдум осы күзде өтеді деп жоспарлануда. Ал экс-президент Роза Отынбаева мен уақытша үкіметтің мүшелері Кыргызстан халқы мен президентінен Конституцияның тұрақтылығын 2020 жылға дейін сақтауды сұраған болатын. Халық алдында сөз сөйлеген Алмазбек Атамбаев Роза Отынбаева мен оның жақтастарының әрекетін өтірікке балады. Бұған наразылық білдірген Роза Отынбаева алаңнан кетіп қалды. Мемлекеттік мереке кезінде, салтанатты күні кыргыз басшысының мұндай сөзін халық та дұрыс қабылдамады.

Отқа оранған қыздардың обалы кімге?

Мәскеуде өртенген баспаның басшысы қайтыс болғандардың заңсыз жұмыс істегенін мойындады, — деп хабарлады оның адвокаты Елена Звездина. Өрттен 17 адам көз жұмды. Олардың 14-і Кыргызстан азаматы. centralasian.org-тың мәліметінше, «Қайтыс болған қыздар бір реттік жұмысқа тартылған. Менің қорғалушым жұмысшыларды патентсіз алғанын мойындайды. Ол айыппұл төлеп,



қайтыс болғандардың туыстарына өтемақы төлеуге дайын. Ол бастапқыда тергеуден қашты. Себебі әріптестері арқылы өтемақы мәселесін шешуге тырысты. Үш адам ақша алды», — деді адвокат. Ол сонымен бірге баспа директоры Сергей Москвин айыбын толығымен мойындағанын, қайғылы оқиға орын алғанын, оған қорғалушының айыпты емес екенін атап өтті. Ресей Бас прокуратурасының мәліметінше, өрттен қаза тапқан кыргыз қыздарының тек екеуі ғана Ресейге заңды түрде келіп, Мәскеуде тіркелген. Ал баспаны өртке қарсы қызмет төрт жыл бойында тексеруден өткізбеген.



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ТІРШІЛІК

Соңғы күндері Ақтөбе облысын шулатқан жайттардың бірі – Шалқар өңіріндегі балабақшаның қайта ашылуы болды. Аудан басшыларының ұйымдастырған шарасына облыс орталығынан әкіммен бірге тілшілер қауымы да келді. Бір ашылған балабақшаны қайта ашты.

нанымды болмады. Бұл ретте бір қызығы, облыс әкімінің баспасөз қызметі өкілдерінің сауал қойып жатқан

журналистерді Шалқардан келген шенеунікке жығып беріп жатқаны түсініксіз болып қалды. «Айтып тұр ғой солай деп...», «Бұрын ақпарат құралдары

газеттері мен өздеріне карамайтын газеттерді алды да екіге бөлді де тастады. Біздің газет дегені көп болса, сол жердегі әкімдіктің айтқанынан шыға бермейтін жергілікті басылым шығар. Ал Президент оқитын «Казакстанская правда», облыс басшылары қарайтын «Актюбинский вестник» секілді газеттер аяқасты «біздікі» болмай қалған ба? Жә, айтпағымыз бұл емес.

Шендінін журналистерді тындағысы жоқ. Өзінікін деп, өзгені тыңдамай, басшысы берген тапсырманы орындап болып, кете барды. Кішкентай шенеунік үлкен басшысының айтуы бойынша шықты ғой тілшілер алдына.

Ал біздің көрсеткіш үшін жұмыс істейтініміз әмбеге аян. Жоғарыға есеп беру үшін қағаз толтырамыз. Әйтпесе, сол жағдайды тілшілер ғана емес, шенеуніктердің өздері де біліп тұр ғой.

Әйтпесе, Ақтөбеде лентасы сан рет келісіп, ресми түрде бірнеше рет ашылған нысан аз



Тілшілер қауымы сол жердегі ұйымдастырушыларға лап берді. «Бұрын ашылып еді ғой», «екінші қайтара ашасыздар ма?» деп сауалдың астына алды. Жауапты адамдар, нақты айтқанда, сол жердегі білім бөлімінің басшысының үні қатты шықты. «Жоқ. Бірінші рет. Ештеңе білмеймін» деген сарында жауабы қысқа болды.

Республикалық сайттардың бірі мұны тәптіштеп жазып берді. Басқа сайттар көшіріп басты. Нағыз шу енді басталды. Аудан әкімі әріптесімізді сотқа сүйремеке болды. «Ақпараттыңды жоққа шығарасың» десе керек.

Облыстық әкімдіктің қысымына ұшыраған болуы керек. Іле-шала облыс орталығына

Шалқардан мамандар келіп, шағын брифинг өткізген болды. Қобалжып тұрғаны байқалады. «Журналистер қате жазды, ақпарат шындыққа жанаспайды» дегеннен әріге бармады. Бұл жиналыстан БАҚ өкілдерінің көбісі хабардар болмаса керек. Санаулы журналистің алдында ақталып жатқан Шалқар шендісінің жауабы да

кателескен шығар...» деген сарында шендіге жағымпаздану әрекеттері, бір қарағанда, Сапарбаевтың алдында өздерін ақтап алғысы келгендей әсер қалдырды.

Журналистердің бұрын бірнеше басылымда, сайттарда осы балабақшаның ашылғаны туралы, өткен шақпен жазылғаны жайлы дәлелдеріне құлақ асып жатқан әлгі шенді жоқ.

«Біздің газеттерде ол балабақшаның ашылып жатқаны туралы жазылмаған» деп, өздерінің

ба?! Кімді алдаймыз?! Астанадан ат арылтып келіп жатқан қонақтарды бір алдаймыз, облыс басшыларын екі алдаймыз.

Халықты да алдаймыз ба? Жо-жоо, халық алданбайды, бірақ не істей алады? Шенділерге миығынан күледі, ашу кернейді. Кешегіде Шалқар халқы да «е, журналистер біледі екен ғой, мына балабақшаның бұрын ашылғанын» деп тұрды. Оған да шүкір. Сайқымзақ болып жүрген өзіміздің шенділер екен ғой.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Тұсаукесер

Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығында мерекелік тарту мен жағымды жаңалықтардан Қарақия ауданының жұртшылығы да шет қалмады. Жетібайда жаңа балабақшалар ел игілігіне беріліп, ауыл халқы шадыман шаттыққа бөленді. Әлеуметтік маңыздағы нысандардың ашылу салтанатына облыс әкімі Алик Айдарбаев, облыс әкімінің орынбасары Бану Нұрғазиева, облыстық мәслихат хатшысы Бекмұрат Жүсіпов, аудан әкімі Әділбек Дауылбаев қатысып, жетібайлықтардың қуанышымен бөлісті.

Арман-мақсаты алға жетелеп, мемлекеттің қолдауына иек артқан кәсіпкер Жасұлан Бисенбаев «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы арқылы мемлекеттік несиеге ауданда алғаш рет жекеменшік 90 орындық балабақша ашты. Балаларын, немерелерін әкелген ауылдағы ағайын құтты болсын айтып, шашу шашты. Көңілі шат, жүзі жарқын жетібайлықтарды облыс әкімі Алик Серікұлы құттықтады.

«Күрметті, ауыл тұрғындары! Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында бағалы бастамалар, жарқын істер кеңінен қанат жайып, ел тынысына тың серпін беруде. Мұндай игі шаралар біздің өңірімізде де көрініс тауып отыр. Игі шараны қолға аламын деген кәсіпкерлерді біз әрқашан да қолдауға дайынбыз. Балалар — еліміздің бүгінгі мен ертені. Оларға жайлы жағдай жасау, денсаулығын жақсарту, саналы тәрбие мен сапалы білім беру — біздің басты міндетіміз. 2020 жылға дейін балаларды балабақшамен 100 пайыз қамтуды жоспарлап отырмыз. Соңғы 3 жылда Қарақия ауданында 660 баланы қамтитын 6 балабақша ел игілігіне берілді. Ағымдағы жыл басынан бері облыс бойынша 1175 баланы қамтитын 16 балабақша есігін айқара ашты. Өңірімізде осындай игі істер алдағы уақытта да жалғасын табады. Жана балабақша балғындардың шат күлкісіне толып, тәрбиешілердің өскелең ұрпақты тәрбиелеу жолындағы еңбегі өнегелі болсын» деген аймақ басшысы Алик Айдарбаев балабақша ұжымына естелік сыйлық табыстады.

Ауыл тұрғындары атынан сөз алған ақсақал Жеткізген Мырзақұлов көпшілікті балабақшаның ашылуымен құттықтап, балалардың қадамына сәттілік тіледі. Қолдарына шоқ-шоқ гүл ұстап, балабақша табалдырығын аттауға асыққан балалар таппақ айтты. Көпшілік асыға күткен балабақшаның лентасы қиылып, жиналған қонақтар мен ауыл тұрғындары ғимараттың ішін аралап көрді. Екі қабатты ғимараттың іші әсем безендіріліп, заманауи үлгіде керек-жарактармен жабдықталған балабақшаға 24

тұрғын жұмысқа қабылданған. «Айназ» балабақшасының директоры Бактима Ығылманованың айтуынша, мектепке дейінгі білім беру мекемесі жекеменшік болғанымен, ата-аналар мемлекеттік балабақшамен бірдей төлемақы төлейді. «Балапан» бағдарламасы бойынша бой көтерген балалар бақшасында 24 тұрғыны 3-6 жасқа дейінгі балалардан құралған 4 топ бар.

Ауыл тұрғыны Әлия Бисенова «Жақында 3 жасқа толған немерем Айаруды жаңа балабақшаға әкелдім.



Балабақшаға барамыз



орынға айналсын деген ақжарма лебізін білдірді.

Салтанатты сәтте жүздері бал-бұл жайнаған балалар ән айтып, би билеп, көпшілік назарына шағын концерттік бағдарлама ұсынды. Жаңа нысанның құрылысын жүргізген «Альянс ЛТД» ЖШС директоры Асқар Керелбаев символикалық кілтті балабақша директоры Айжан Құрмановаға табыстады. Аймақ басшысы Алик Серікұлы мен ауыл тұрғыны Сәрсен Сражанов балабақшаның лентасын қиған сәтте жетібайлықтар қуаныштарын шашу қып шашып, мәре-сәре болды. Бала тәрбиесінің күтіміне байланысты үйде отырған Жетібай ауылының тұрғыны Фарида Қалиева «Жауказын» балабақшасына тәрбиеші болып жұмысқа орналасты. Жоғары білімді педагогтың 4 жастағы қызы да осы балабақшаға қабылданған.

Балабақша директоры Айжан Құрманова «Төрт блоктан тұратын зәулім ғимаратта балаларды қабылдау, ойын, жатын бөлмелері, спорт, музыка залдары, асхана және тағы да басқа бөлмелер бар. Балалар 2 жастан бастап қабылданып, екі кіші топ болады. Жинақталған 14 топқа 28 тәрбиеші тәлім-тәрбие береді. Балабақшаға 90-ға жуық ауыл тұрғыны тұрақты жұмысқа алынды. Ішінде жас мамандар да бар. Қазіргі уақытта 200 бала қабылданды. Әлеуметтік нысанның құрылысында Ұлттық қордан 420 млн теңге бөлінді», — деді

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Суреттерді түсірген
Серік МАЙЕМЕРОВ,
Талант ҚҰСАЙЫН



Мәселе

Таяуда 14 нәрестесін дүниеге әкелген ақтөбелік Әлия Новикова бұдан былай қалалық әкімдікке аяқ баспайтынын айтты. Толғағы келіп тұрған күні ол қала әкімі Ільяс Испановтың қабылдауында болса керек.



«Әкімдер жұрт алдында басқаша сөйлейді, кабинетінде мүлдем өзгеріп кетеді. Мен енді әкімдік жакка бармаймын. Кезегімді күтемін. Не үшін осынша бала туғансын дейді. Мен әкім үшін емес, өзім үшін тудым. Құдайдан қорыққан соң осы балаларды дүниеге әкелдім. Ал олар мені кекеткендей қылып сөйлейді. Испановтың алдындағы әкім, тіпті бұл сенің өзіңнің мәселен деп шығарып салды», — дейді Әлия. Ұзынсонар кезекте тұрып, зангердің көмегімен кезексіз әкімнің алдына кіріп

балаларыммен өлтірмес», — дейді келіншек.

Дегенмен, көз көрген тілшілер қауымы қарап қалмақ емес. Жер-жерде осы мәселе төңірегінде материалдар жарық көріп жатыр. Қала басшылары да енді қимылдай жатар.

Әлияны қинайтыны — ғаламторда жарық көрген материалдарға қатысты оқырмандардың пікірі. «Неге осынша баланы тудын», «неге ойланбайсың» деген сарындағы жазбалардан Әлияның балалары да қысылатын болса керек.

Өз кезегінде, Құрашасай ауылына қарайтын Жанаконьс ауылдық округінің әкімі көпбалалы отбасыға көмек көрсету жағын қарастырып жатқанын айтты.

Өткенде отбасын 14-ші сәбиімен құттықтап, әкімдік қызметкерлері сыйлықтарымен кіріп шықты. Бүгінде кәсіпкерлер іздестіріп жатырмыз. Ең болмағанда, бір жылдық пәтер ақысын төлеп берсе, жақсы болар еді. Ауылда бос тұрған көп бөлмелі үй жоқ. Негізі, ол жағын да қарастырған едік. Бұл жайттан қала басшысы (Құрашасай ауылы Ақтөбе қаласына қарайды — ред.) хабардар. Занда тек «көп бала» деген ұғым бар, алты бала ма, он төрт бала ма, ол жағы нақтыланбаған. Бүгінде Новиковтар отбасы тұрғын үй кезегінде 135-ші болып тұр, — дейді Жанаконьс ауылдық округінің әкімі Мыңжасар Бақыткелді.

14 баланың анасы: «Әкім екі сөйлемесін»



шыққан көпбалалы келіншектің әңгімесі осы болды. Әлияның айтуынша, ол ешқашан журналистерді жағалап, мәселе етіп көтеруді сұрамапты.

«Үйге іздеп келіп жатыр. Бірақ мен олардан кешірім сұрап, сөйлесуден бас тарттым. Өткенде ауруханада бас дәрігер сұраған соң, онда да, тек 14-ші баланы дүниеге әкелгені жөнінде жазатын болып келіскенбіз. Ал әкімдік жакка енді бармаймын. Кезегімді күтемін. Көп болса, екі-үш жыл күтерміз. Құдай мені осы

Отағасы бүгінде жол құрылысы компаниясында жұмыс істейді. Бір қызы ауруханада еңбек етеді.

Құрашасай ауылының шет жағында бір үйдің ауласындағы шағын баспананы жалға алып отыр. Ауласы тап-таза. Балалары да тым жақсы. Әп-әдемі киінген. Бүгінде отбасыдан 6 бала мектепке қатынайды.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

Түйткіл

Қияндағы Үшаралдан құдалар келген. Дәм тартса қыз бен қой қайда бармай жатыр. Күтіп алдық. Ішкен мас, жеген тоқ дегендей әр құданың жанына құсұйқылы бір-бір күтушіден қойып, алты үйден ас беріп, есеңгіретіп жығатын ескі дәстүрден арылып келеміз. Ендігісі бұрын құдалар көріп-білмеген Көкшенің көркем табиғатын көрсету. Алдымен Бурабайды.



Қыранды қорламас болар

Жақпар-жақпар тастарды қақ жарып шыққан қарағайды, лүп еткен самал желмен мың бұрала билейтін биіші қайыңдарды көріп, қанша жұтса да көкірегінің құмары қанбайтын көгілдір, саф ауаны жұтып, тәңті болды меймандар. Ақылбай асуына жеткенбіз. Бергі етекте ескерткіш бұйымдарды сатқан саудагерлер қайыңды алқаптың бүлдіргеніндей жыпырлап отыр. Жөн-ақ. Жақсы сапардан тәбәрік ала қайтса теріс емес қой. Асудың дәл үстінде сепкіл бет сары бала бүркіт ұстап отыр екен. Бүркіттің жанында суретке түсуіміз 300 теңге. Ақылбай емес. Бірақ қолбала болған бүркіт күніне мың сан адам қолына ұстап, жұмалаған соң ба, қыранды мінезі пышақпен сылығандай жойылып, жігері жасып, кәдімгі үй тауығы тәрізді болып қалыпты. Бүркіттің иесі Сашкаға 300 теңге беріп енесі түскен, басын қанатының астына тыға беретін байғұс бүркітті сәл әрірек алып

шығып, егіз қарағайдың түбінде тұр едім бас құда келіп тіл қатты:

— Ойпырым-ай, көк аспанның падишасы қыранды да дәл осылай қорлауға бола ма?

Бас құданың бәтуалы сөзі еттен өтіп, сүйекке жетті. Сашка малданып жүрген ұлттық байлығымыздың үнжырғасы түскен жұқанасы, яғни бүркітке бостандық сыйлап ұшырып жібергім келді. Бірақ көзін ашқаннан бері Сашканың қорлығына көнген қолбала бүркіт ұшпақ түгілі топшысын көтеріп, қанатын қомдап талпына да алмайды екен. Рухы жоғалған, қайраты кеміген. Қайта келіп орнына қондырдым. Басқа шара да жоқ еді. Әлден уақытта тасқа қонақтаған бүркіттің жанына біз тәрізді мейман күткен, әлде өздері қонақ болып келген шоқша сақалды екі-үш ақсақал үйірлі.

— Бүркіт қой мынау, — деді біреуі, — дала бүркіті шығар шамасы, қарамы кішкентай екен.

— Не деген өнерлі бала мынау, құстың тілін тауып, ақша тауып отырғанын қарашы, — деп қарқ-қарқ күлді екіншісі.

Қыранды қорлап, қаржы тапқан Сашканың ерсі ісіне тіс жарып ештеңе деген жоқ. Дей алмайтын еді. Өйткені, өздерінің де, өзміздің де жанағы бүркіт сияқты рухымыз сынғалы қанша уақыт.

Үйіріле қонған, қаумалай өскен қалың қарағайдың ұшар басындағы шаңырақтай алаңқайдан зәулім аспан жап-жақын көрінеді екен. Ту сонау заңғар биікте, тау бауырында екі-үш тазқара ұшып жүр. Тілеуі жаман құс. Ұшпағанда қайтсін көктің қожайыны қолбала болып отырса. Қыран құс кереге қанатын керіп, көк аспанда суылдай, қалықтай ақса, өлексеге үйір, жаман қара құстар дәл осылай басына қоймас еді. Қырандар да өз биігін қызғанбай ма?!

Байкал БАЙӘДІЛОВ, Көкшетау

МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7

Жанайқай



(Басы 1-бетте)

Өйткені, жатақхана оларға 2008 жылы қазіргі «Алатау» және «Алау» стадионы аумағындағы жерде болған саяжайлары үшін тұруға берілген. Тұрғындар сол кезде саяжайдағы жер телімі үшін мемлекет меншігіне алынғанда қаржылай өтемақы берілгенін, бірақ ол қаражат баспана сатып алуға тым аз болғанын айтады.

Мәселен, Дәмежан Мұқышова екі үй салынған 7 соттық жеріне не бәрі 2,7 млн теңге алыпты. Ал ол ақшаға пәтер сатып алмақ түгілі, жер телімін алып, үй салудың өзі мүмкін емес. Ол «Біз 2006 жылдан бері баспана мәселесі бойынша дауласып келеміз. Осы үйге «Лайықты баспана үшін» қозғалысының арқасында қол жеткізген болатынбыз. Енді бұл үйден сот орындаушысы қуып шығаруға әрекет етіп жатыр. Бір қызығы, мен ешкімнен қолма-қол ақша алған жоқпын. Олар қызымның банкоматына ақша аударып жіберіпті. Банкоматтың нөмірін қайдан алып, қай кезде ақша аударғанын да білмейміз. Банкоматтағы ақшаның бір жыл бұрын аударылғанын кейін білдік. Себебі ешқандай келісімшарт жасасқан жоқ болатынбыз», — дейді.

Ал Еркебай Қолдашев 7 соттық жерге салынған 120 шаршы метрлік 7 бөлмелі үйіне 2,8 млн

Жатақханадан қуылғалы отырған 7 отбасының қазіргі таңда мұн-мұқтажын түсініп, қарайласатын жан көрінбейді. Бұл аз болғандай олар өздерінің алданып қалғанын айтады. Тағы бір тұрғын Бақытқұл Әбдірәсілованың айтуынша, олар пәтерлер бюросы басшысының сөзіне сеніп қалыпты. Ол «Үкіметте қазір ақша жоқ, қазір стадион салынып жатыр. Қалай үйдің құжаты дайын болады, сендердің аттарына аударып береміз. Далада қалмайсындар. Сендердің бүкіл жағдайларыңызды жасаймыз» — деп айтты. Соның сөзіне сеніп, қаншама адам алданып қалды. Егер біз сол кезде пәтерден қуып шығатынын білгенде, соттассақ та бұл мәселені шешіп алар едік. Жуырда Қаржы полициясынан құжат алған едік. Олардың айтуынша, бұл жатақхана

Бүгін жатақханада. Ертең?..

теңге алғанын айтады. Алайда ол өз үйінің құны аталған қаржыдан әлдеқайда қымбат бағаланғанын тілге тиек етеді. Е.Қолдашев «Бағалау комитеті 7 бөлмелі үй мен 7 соттық жерді 35 мың АҚШ доллары болады деп бағалады. Әйтсе де, әуелде әкімдік 9 мың доллар берді. Біз бұл қаржыға келіспей соттасқаннан кейін аталған қаржыны 12, одан кейін 18 мың долларға дейін көтерді. Бірақ ол кезде



сносқа кетіп жатыр екен. Егер үй сносқа кететін болса, бізге бір-бір пәтер беру керек. Алайда соған жеткізбей бізді бұл жерден қуып жатыр», — деді.

Жатақхана тұрғындары кезінде сауатты әрекет етпегенін мойындап отыр. Мәселен, өздері сияқты саяжай тұрғыны үкіметтен 6 миллионға жуық қаржы алып, мәселесін оң шешіп алған. Ал өздері жалдаған адвокат қарсы тараптың позициясын жақтап кеткен көрінеді. Өкінішке қарай, 15 қыркүйекке дейін 7 отбасы жатақханадағы бөлмесін босатып беруі керек. Алайда біз кездескен тұрғындар «жатақханадан басқа барар жер, басар тауымыз жоқ» — деп отыр. Сондықтан да олар аштық жариялап, баспаналары үшін жан алысып, жан берісуге дайын екен.

Нұралы МЫҢБАЕВ,
Мемлекеттік сот орындаушы:

— Өткенде жатақхананың 7 тұрғыны маған 15 қыркүйекке дейін бөлмелерді босатып береміз деп қолхат жазып берген болатын. Егер олар ойларынан бас тартып, жатақхананы босатпайтын болса, заң аясында мәжбүрлі түрде шара қолданамыз. Ал енді олардың іс-әрекетінің дұрыс немесе бұрыс екенін мен шешпеймін. Мен тек қана өз жұмысымды атқарамын. 15-қыркүйек күні менің жанымда құқық қорғау органдарының өкілдері болады, егер сол жерде әкімшілік құқықбұзушылық болса, оған тиісті шара қолданылады. Әрине, азамат ретінде оларға жаным ашиды. Алайда әр адамға жанымыз аши беретін болса, бірталай соттың шешімі орындалмай қалады. Заң бәріне бірдей. Сіз де, мен де жалпы барлық Қазақстан азаматтары заңды орындауға міндетті. Мен өз жұмысымды орындап жатырмын.

бұл ақшаға пәтер тұрмақ, жер телімін сатып алу мүмкін емес болатын. Ең құрмаса, үкімет жер телімін алатын ақша берсе, қаланың сыртынан жер алып, үй салып алар едік. Бізге қаланың қорғасынан жер алып үй салудың керегі жоқ», — дейді.

Серік ЖОЛДАСБАЙ, Астана



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ӨЛКЕ

Сұхбат

— Алматы облысы ауданаралық мамандандырылған экономикалық соты бұл іске нүкте қойған еді. Енді мәселе Жоғарғы сотта қаралатын болды ма?

Айдар Медеев: Карсы тарап, қазіргі таңда осы дау бойынша Алматы облысының экономикалық соты және Алматы облысының апелляциялық алқасының шешіміне келіспей Жоғарғы сотқа шағымданып отыр. Шағымның жақын арада түсуіне сәйкес, сот отырысы әлі тағайындалған жоқ. Әзірге сот



Алматы облысы Іле ауданы Боралдай кентінде орналасқан «Фазыл Фазы Топлы» қайырымдылық мекемесінің заңгерлері тағы бір сот отырысына дайындалып жатыр. Жоғарғы сотқа дейін жеткен істің ақ-қарасын білу үшін құрылтайшылар мүддесін қорғаушы Айдар Құрманғазыұлымен сұхбаттасқан едік.

тергеушілерге, «Нұр Отан» партиясына алғысымызды айтқымыз келеді. — Сіз мүддесін қорғаған мекеменің заңды жұмыс істейтінін қалай дәлелдедіңіздер? **Айдар Медеев:** Сот шешімі шыққанша бір емес, бірнеше мемлекеттік құзырлы органның маманы тексеріп, заңды жұмыс істейтініне көзі жетті. Күніге тексеріс жұмысы жүргізілді. Бірақ сол арыздар бойынша тексергенде бәрінің заңды түрде жүргізілгені анықталды. Дегенмен қарсы тараптың заңгерлері әлі де болса шағымдануда. Алматы облыстық

Айдар МЕДЕЕВ:

Бәрі заңды болды

отырысының өтетіні немесе өтпейтіндігі белгісіз.

— **Айдар, жалпы бұл мәселе қалай туындап еді? Қандай заңсыздыққа жол берілді?**

Айдар Медеев: 2015 жылдың сәуір айында қайырымдылық мекемесінің директоры Халыққа қызмет көрсету орталығынан анықтама алу барысында мекемеге тиесілі жылжымайтын мүлікті бір құрылтайшының сатып жібергенін біледі. Сол мәселе бойынша қалған үш құрылтайшы Алматы облысы Іле аудандық сотына «сатып алу сату шартын жарамсыз деп тану туралы» арыз түсіріп, дат айтқан болатын. Сот отырысы барысында, яғни 2015 жылдың қазан айында мекеменің мүлкі осы қайырымдылық мекеменің бір құрылтайшысы барлық құрылтайшының келісімі бар деген хаттама негізінде, ғымаратты жер телімімен бірге сатып жібергені анықталды. Бұл өткен жылы қаңтар айының үші күні болған оқиға. Осы мәселені білген мекеменің үш құрылтайшысы, қолданыстағы заңнама бойынша «мүлкті сату туралы хаттаманы заңсыз деп тану туралы» Талдықорғандағы ауданаралық мамандандырылған экономикалық сотына арызданды. Сол сот отырысында қалған екі құрылтайшының хаттаманы толтыру кезінде елімізде болмағаны, ал үшінші құрылтайшы өз үйінде болғаны анықталды. Хаттама толтырылған күні жиналыстың мүлдем болмағаны дәлелденді. Осы нақты деректі ескеріп, сот әділ шешім шығарды. Онымен Алматы облысының апелляциялық алқасы толықтай келісті. Жалпы істің ақ-қарасына үніліп, заңды шешім шығарған судьяларға,

мамандандырылған экономикалық сотында сот отырысы алты рет қаралды. Енді осы дауға қатысты Жоғарғы сотта заңды шешім шығаратынына сенімдіміз. Жалпы біз сот отырысында, қайырымдылық мекемесінің жарғысына, ҚР Азаматтық Кодексіне, коммерциялық емес ұйымдар туралы заңға және ҚР Конституциясына сүйеніп, жұмыс жасадық.

— **Қазір онда қанша құрылтайшы бар?**

Айдар Медеев: Бүгінгі таңда төрт құрылтайшы бар. Қайырымдылық мекемесін құрған кезде қай құрылтайшы ауысса да, мүлік сатылмайтындығы туралы Жарғыда жазылған. Мекеме жабылған күннің өзінде де, мүлкі қайырымдылық шарасымен айналысатын ұйымдарға берілуі тиіс. Жарғыда кімге қанша дүние тиесілі деген мәселе жоқ.

— **Айналып келгенде, бұл жер құрылтайшыларға тиесілі емес қой. Солай ма?**

Айдар Медеев: Иә, Бұл осындай жағдайы төмен, ата-анасы жоқ және көпбалалы аз қамтылған отбасыларына көмектесуі мақсатында қайырымды азаматтарымыздың сыйға берген жері мен мекемесі. Ал құрылтайшылардың міндеті қолданыстағы жарғы негізінде балалардың білім алуы үшін жағдай жасау.

— **Сыйға берілген ақшаның заңды жаратып жатқаны бойынша қандай да бір құжат бар ма? Мәселен, бір кәсіпкерден 20 мың доллар алды делік.**

Айдар Медеев: Барлығы заңды және ол жарғы негізінде жұмсалып жатыр.

Сұхбаттасқан Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ

Форум

Белсенді жастар бас қосты! Маңғыстауда «Алау» жазғы демалыс лагерінде форум ұйымдастырылып, жас мамандар кеңесімен жүзеге асқан ауқымды жобалар, игі бастамалар мен бір жыл бойғы тынымсыз еңбек нәтижесі баяндалды.



Жетістікке жеткізер жол

Шара Тәуелсіздіктің 25 жылдығы, Маңғыстау мұнайының 55, «Жетібай» өндірістік басқармасының 50 және «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы жас мамандар кеңесінің 2 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Wake up Technology ақпараттық технологиялар компаниясының негізін қалаушы Асхат Әбжанов жетекшілігімен шеберлік сыныбы өтіп, жастар жағы мол мағлұматқа қанықты. Өндіріс қазанында кайнаған

жас мамандар өнерден де кенде емес екендіктерін дәлелдеді. Әсем ән әулетіп, күмбір күй төгілткен өнерпаз жастар тыңдарман мерейін өсіріп, көңілін серпілтті. Кезек өзекті істер мен өзгерістер жайын баяндауға келіп жетті. Алдымен жас мамандар кеңесінің төрағасы Шыңғыс Әбдіров жыл басында бекітілген жоспарға сай жүргізілген жүйелі жұмыстың жай-жапсарына тоқталып, ортақ мақсатқа қол жеткізу жолында жастардың сарп еткен жастық жігері мен қажымас

қайратына алғыс білдірді. Оның айтуынша, «Аспан астындағы мұражай» атанған Маңғыстау тарихи жәдігерлерін қорғау, қамқорлыққа алу мақсатында Сисем ата қорымына сенбілік ұйымдастырдық. «Жас мамандар еңбегі қалалық, облыстық деңгейде оң бағаланып, Ерболат Ешанов, Ғани Әбдісәдық сынды замандастарымыз үздік мұнайшы, үздік қошбасшы ретінде танылыпты.

Голрох ЖЕМЕНЕЙ

Ел бірлігі

Оңтүстік Қазақстан облысы «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінде татулық пен келісім үлгісін ілгерлету бойынша үш күндік өңірлік семинар ұйымдастырылды. Елге белгілі саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, дінтанушылар мен құқық қорғау орындарының өкілдері дәріс оқыған жиында елдің бірлігін сақтап, нығайту жайы жан-жақты қаралды. Этносаралық және діни жанжалдар жалыны әлемнің бірқатар елін шарпып тұрған шақта біз не істеуіміз керек? Мемлекетте қоғамдық-саяси тұрақтылық бұзылмас үшін қандай мәселе дер кезінде шешім тауып отыруы қажет? Осы сияқты сан сауалға жауап ізделді. Семинарға жас мемлекеттік қызметші ретінде мен де қатыстым. Көптеген тың ақпаратқа қанығып, жұмыс барысында пайдаға жаратар мол мағлұмат жинақтадым.

Татулық пен келісім

дәстүрлі кәсіптерімен ғана шектеліп *(соның негізінде мәдени де оқшауланып қалған)* келген әртүрлі этностардың жаңа мамандықтарды иеленіп, түрлі салаға бейімделуіне де жол ашылады *(мәселен, оңтүстікте шоғырланып қоныстанған этностар негізінен, диқаншылық пен бақшашылық салаларындағы кәсіппен шектелген)*. Бұл да этносаралық қашықтықты жақындатып, қоғамға интеграцияға жол ашады. Сонымен қатар бұл жоба арқылы демографиялық өсімі төмен солтүстік

Конфессияаралық қайшылықтар кайдан шығады, салафизм дәстүрлі емес діни ағымы елдің бірлігіне қандай қауіп төндіріп тұр? Осы және өзге де өзекті сауалға республикалық діндерді зерттеу орталығы қауымдастығының директоры, Қазақстан Халқы ассамблеясының мүшесі Юлия Денисенко мен Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасы діни уағыз-насихат бөлімінің менгерушісі Ершат Оңғаровтың дәрісінде тұщымды жауап алдық.



Қоғам қайраткері, «Серпін — 2050» жобасының үйлестіру кеңесінің жетекшісі Мұрат Әбенoв еліміздің оңтүстік өңіріндегі жастардың солтүстікке барып, тегін білім алуына мүмкіндік беріп отырған жобаның тиімділігі жайлы дәрісін тыңдадық.

«Серпін — 2050» жобасы жастар арасындағы әлеуметтік мәселені шешумен қатар елдегі тұрақтылықтың сақталуына тигізер ықпалы мол екен.

облыстардың да бірқатар мәселелері шешім табады. Өңірдегі жұмыс күші жетіспеушілігі мәселесін шешіп, экономикалық бағдарламалардың ілгерлеуіне ықпал етеді. Сонымен бірге аталған шара әртүрлі өңірде тұрып жатқан қазақ халқының да ішкі бірлігін арттырып, өзара жақындаса түсуіне негіз болады.

Тиімділігі мол жобаны облыс тұрғындарына түсіндіруде Қазақстан Халқы ассамблеясы мен облыстық

Ал ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемесі директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Талғат Жакияновтың дәрісінен бірлік ең алдымен қазаққа қажет екенін ұғындық. Арамызда қылаң беретін рушылдық пен жершілдік бірлігімізге сызат түсірер, болашағымызға балта шабар қауіпті құбылыс.



Негізінен, ауыл шаруашылығымен айналысатын оңтүстік өңірде халықтың саны өсіп, тығыздығы жыл өткен сайын артып келеді. Бірақ жер кеңеймейді, су тапшылығы да өзекті. Мектеп, балабақша жетіспеушілігі, ауыз су, жол секілді әлеуметтік мәселелер тағы бар. Осындай өзекті әлеуметтік мәселе мен еңбек нарығында бәсекелестіктің артуы тұрғындар арасында әлеуметтік шиеленістерді тудыруы мүмкін.

Тұрмыстық деңгейдегі қандай да бір шиеленісті бояп, оған «этносаралық» немесе саяси renk бергісі келетін топтар да табылады.

Белгілі саясаткер Мұрат Әбенoвтің айтуынша, солтүстікке қоныстандыру арқылы оңтүстік өңірлерде шоғырланған бірқатар этностардың қоғамға тиімді интеграциялануына жағдай жасалады. Өңірдегі еңбек бөлінісі әртараптанады. Шаруашылықтың, еңбектің әртараптануы есебінен

жастар саясаты мәселелері басқармасы белсенділік танытып келеді. Нәтижесінде, «Серпін-2050» жобасы бастау алған 2014 жылы Оңтүстік Қазақстан облысынан 866 жас солтүстік өңірде тегін оқуға мүмкіндік алса, 2015 жылы жоғары оқу орындарына 3 мыңға жуық жас грант иегері атанды. Ал биыл 8897 талапкер жоба аясында білім алуға құжат тапсырды.

Семинар барысында Президент әкімшілігі Қазақстан Халқы ассамблеясы хатшылығының сектор меңгерушісі Нәзипа Шанаидың «100 нақты қадам» — Ұлт жоспары: азаматтық бірегейлікті қалыптастыру» тақырыбында жасаған баяндамасы тыңдаушыларға үлкен әсер қалдырды. Ол Ұлт жоспарындағы әрбір қадамды жүзеге асыруда сіз бен біздің жауапкершілігімізді ұғынықты етіп түсіндірді.

Бұрын Қазақстан Халқы ассамблеясын елімізде мекен етіп жатқан этностардың тілі мен мәдениетін сақтап, дамытушы ұйым ретінде танитынбыз. Қазіргі таңда ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы, қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құрылымға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Қорыта айтармын, ҚР Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ мен ОҚО Қазақстан Халқы ассамблеясы ұйытқы болған үш күндік семинардан үйренгеніміз көп болды. Біз секілді жас мамандар үшін осындай пайдалы басқосулар жиі ұйымдастырылып тұрғаны қажет-ақ.

Раушан АМАНОВА,
Оңтүстік Қазақстан облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының бас маманы

«*Әміре қай әнді болса да өзінше кестелеп, қошқар мүйіз салып, үкі, маржан тағып алады»*

Мұхтар ӘУЕЗОВ



РУХАНИЯТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



9

Жұмбақ өлім

Әнші жайлы жазушы Жүсіпбек Аймауытовтан артық асырып айту мүмкін бе, сірә?! Ал ән арысы Жүсіпбек Елебеков әнші даусы 8 шақырым қашықтыққа дейін жетті деген дерек келтіреді, Әмірені ән жанрының импровизаторына балайды. Өзінің «Екі естелік» мақаласында замандас досы Қалибек Қуанышбаев: «Әміре ән салғанда, қандай күшпен, айкаймен бірнеше әндер айтқанда, түсі бұзылмас еді. Күшпен айтатын әндерді айтарда, барлық демін бір-ақ жиып алатын. Оң жақ алқымында мойнының қалтасы бар еді. Соған бар демді толтырып ап, үнемдеп шығарып көпке дейін дем алмайтын», — деп әнші даусының алапаттығына таңдай қағады.

ӘНШІ

...1925 жыл. Қазақ өнерінің тарихына толайым табысымен қосылған осы жылдың 25 мамыры күні Франция астанасы Парижде дүниежүзілік этнографиялық көрме өтеді. Халықтар достығын паш еткен өнер жәрмеңкесінде әуелеген Әміре әніне сол кезде тәнті болмаған, қол соғып қошеметін аяған жан қалмапты. Сөзін түсінбегенімен, қазақы әуен қуатына, шыңылтыр таза дауыс пен тыныс кендігіне бас иген Францияның талғампаз қауымы бірауыздан байқаудың күміс жүлдесін сонау қияндағы қазақтай қасиетті елдің абыройын арқалап барған Әміренің қанжығасына байлап берген еді. «Ағаш аяқты» шырқап, Париж көгінде қалықтай қанат қакқан үн күдіретіне француз жазушысы, өнердің білгір сынышы Ромен Ролланның: «Мен шығыста әншісіін бұлбұл құсқа неге теңейтінін енді түсіндім, онда әншілік қабілет өте басым», — деп тебірене тіл қатаыны да осы сәт.

ДҮРБЕЛЕН

...Сәні мен салтанаты келіскен бүкіләлемдік көрмеден делегация үлкен әсер, шығармашылық шабытпен оралды. Тек Әміре ғана одан кейінгі болашақ өмірін астан-кестең еткен аласапыран алапатты арқалап қайтты.

Себеп — Әміре Қашаубаев пен ұлт қайраткері Мұстафа Шоқайдың Париждегі құпия кездесуі. Жат елдегі жүздесу жайлы әншінің өзі губерниялық «Казак тілі» газетіне Париж сапары турасынан сұхбат беріп отырып мәлім етеді. Осыны желеу еткен Біріккен бас саяси баскарма (ОГПУ) тыңшылары казак эмигранты Мұстафа Шокаймен астыртын байланысы бар деп күдіктеніп, Әмірені сансыз сұрақтың астына алады. Үйін тінтіп, үздіксіз тексеру жүргізеді. Қорқытып, үрейлендіріп, тіпті соккыға да жығады. Сөйтіп, дала дарыны аяусыз азаптау мен жантүршігерлік қатыгездікті басынан кешіреді. Сондағы әншінің киналған, нәзік жаны тоз болған, азаматтық ары қор болған қиын күндердегі көңіл-күйі мен ішкі сезімін өнер зерттеушісі Жарқын Шәкерім 1974 жылы өзіне құпия түрде айтқан Социалистік Енбек ері, әйгілі актер Серке Қожамқұловтың естелігіне сүйене отырып, былайша әңгімелейді: «Бүкіл халық қошеметіне бөленіп, атағы жер жүзіне кеткен Әміре Парижден аса көңілді де шатты оралды. Арада бір-екі ай өтпей жатып бір күні бет-әлпеті көгерген, көзі ісінген күйі жұмысқа келді. Не болғанын сұрадық. Ол: «Сұрамандар, мен айтпамын», — деді. Оның осы көрінісі араға айлар салып қайталанып жүрді. 1929 жылы ұлт театры Алматыға көшті. Мұнда келген соң да Әміреде сол күй үзілген жоқ».

КҮМӘН МЕН КҮДІК

Көпке дейін құпия сақталып келген тергеу ісінің ақиқаты бүгінде күмән мен

«...Париж бен Страсбургтің сахналарында жарық жұлдыздай жарқ етіп көрінген Әміре Қашаубаев сенің алдыңда тұр. Көзі қанталап мәлиген, денесіне тер сіңген, даусы барлыққан, еңсесі пәс адам сол Әміре Қашаубаев па? Әлі де болса маған бірдеңені дәлелдемек болады... Көпе-көрінеу жылап тұр. Бірақ бұл мастықтың әсерінен төгілген көз жасы емес еді. Жоғалған, алданған өмірдің ащы солығы еді...»

Евгений БРУСИЛОВСКИЙ


күдіктен арылып, нақты құжаттық деректер негізінде саралауға мүмкіндік туғызып отыр. Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің отставкадағы полковнигі, жазушы-публицист Әмірхан Бөкірұлының еңбегі арқасында жарыққа шықты, көп құпияның беті ашылды. Құжатта Әміре Қашаубаевтың 1927 жылғы 6 маусым күні басқармаға шақыртылып, тергеушілер алдында берген жауабы төмендегіше өрбіпті: «... 1925 жылы маусым немесе шілде айының бірінде мен барлық ұлттық республикалардан жиналған 14 актермен бірге Парижге бардым. Барған бойда «Дория» отеліне орналастым. Екінші күні қонақүйе Мұстафа Шоқаев келіп, менімен

және орыс баспаларында қызмет атқарып жүргенін айттым. Бірақ оларға Мұстафаның хатын көрсеткен жоқпын, ұмытып кетіпін. Кейіннен кітапшам із-түссіз жоғалып кетті, іздеп таба алмадым...».

Әміре Қашаубаевтан бірнеше мәрте осы сарындас қолхат алынған. Бәрінде де Әміренін жауабы бір. Бірақ соған қарамастан, қауіпсіздік органы қызметкерлері әншінің ант-су ішкен бұл жауабына сенбей, андулы тоқтатпаған. Өйткені олар Қазақстандағы ұлтшылдар мен Мұстафа Шоқайдың арасында тұрақты шпиондық байланыс бар деген болжам жасады.

пен Міржақып Дулатовтың хал-жағдайын және немен айналысып жүргенін сұрады. Мен: «Байтұрсынов Қызылордада мұғалім, ал Дулатов әдебиетпен айналысып жүр», — дедім...

Тағы бір жолы Мұстафа Шоқаев мейманханаға келіп, актерлердің бәрін ресторанға қонаққа шақырды. Бірақ актерлер әртүрлі себепті сылтау етіп, мейрамханаға барудан бас тартты. Онымен бірге ресторанға тек мен ғана бардым. Ол барған соң екі саптыаяқ сыра сатып алды. Екеуміз небәрі он бес минуттей бірге болып тарадық. Кетерінде ол Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып



ҚҰПИЯ ХАТ

Соңғы кездері әнші өміріне қатысты бұған дейін айтылмай, беймәлімдеу келген мына бір жайт әміретанушылар тарапынан айтылып қалып жүр. 1925 жылдың жазында, яғни Парижде өтетін бүкіләлемдік көрмеге қарайлас уақытта Мәскеудегі татар етікшісіне ерекше тапсырыспен етік жөндеу ісі



жүктеледі. Тапсырыс беруші жап-жаңа етіктің ұлтарағының астына әлдебір хатты салып, қайтадан тігіп беруін өтінеді. Тапсырыс мүлтіксіз орындалады. Және алдын ала жоспарланғандай, аяккиім Әміренің аяғына киілген күйі әнімен бірге Еуропаға қарай шекара асып кете барады. Ұлтарак астында жасырынған хаттың қаншалықты қауіпті екенін және өзінің қандай іске тәуекел еткелі тұрғанын әншінің өзі білмеуі де мүмкін. Әлде біле тұра ұлт мұраты жолындағы үлкен саясатқа еріксіз араласты ма екен?.. Ол хат жайлы, жазбадағы айтылған әңгіме жайлы нақты мәлімет болмағандықтан, мәселе күні бүгінге дейін беймәлім болып келеді. Бірақ жазған адамның есімін халықаралық журналист Сұлтанхан Аққұлыұлы өзінің журналистерге берген бір сұхбатында мәлімдейді. Сұхбаттың қысқаша мазмұны мынадай: «Әміре Қашаубайұлының Парижге баруына ұлт көсемі, алты алаш арысы Әлихан Бөкейханның тікелей қатысы болғандығы туралы көп жерде айтылмайды. Әлекеннің жазуы бойынша, Әміреге ұлттық киім кигізгенде оның етігіндегі ұлтарағының астына ол Мұстафа Шоқайға арналған хатын жасырып, дәл сол жолмен Мұстафа Шокайдан хат алғаны мәлім. Мұстафа Шоқайдың Әлиханға немесе Әлиханның Мұстафа Шоқайға жазған хатында не айтылғаны жайында біздің қолымызда, өкінішке қарай, ешқандай дерек жоқ».

СОҢҒЫ АМАНАТ

Беймезгіл және бейуақыттағы шақыртулар мен жөнді-жөнсіз тергеу, адам төзгісіз азаптаулар, күні кеше ғана жанында бірге жүріп, жақынына айналған жандардың қара бастарының қамы мен қауіпсіздігін күйтеп сырт айналуы, театрда ойнаған рөлдерінен шеттетілуі, дауыс жазу үшін Мәскеуден арнайы келген мамандарға берілетін тізімнен өз есімінің сызылып тасталуы — мұның барлығы да жаны нәзік, сезімтал өнер адамының қай-қайсысына

да онай тимесі анық. Жеңіл тимегені былай тұрсын, бұл өнер адамы үшін өліммен тең азап еді. Мұндай соккы әнші емес, жай адамның өзінің сағын сындырып жіберуі әбден мүмкін. Әміре Қашаубаев та сондай қиын күнді басынан өткерді. Әсіресе, жанына қатты батқаны Евгений Брусиловскийдің қолтанбасында 1934 жылдың 7 қарашасы күні қойылған қазақтың тұңғыш операсынан әншіге лайық рөлдің табылмауы болды. Қанша төзуге, шыдауға тырысқанмен де, пенде емес пе, төзе-төзе төзім де түгесілді. Даңқ шыңына шыға тұра шығармашылық шарасыздыққа шырмалды. Париж аспанын әнмен әуелетіп, таңдай қақтырған, қазақтың әншілік дәстүрін дүниежүзіне танытқан дара дарын енді ішер ас, киер киімге зар болып, «ашы сумен» достаса бастады. Іштегі күйікті осылай басқысы келді. Сөйтіп, ұлы талант өзінің әншілік ғұмырына мәңгілік нүкте қойды. Өнер несінің осы бір қиын күндердегі аянышты хәлін ұлттық операны шырқау биікке көтерген композитор Евгений Брусиловский: «Париж бен Страсбургтің сахнасында жарық жұлдыздай жарқ етіп көрінген Әміре Қашаубаев сенің алдыңда тұр. Көзі қанталап мәлиген, денесіне тер сіңген, даусы барлыққан, еңсесі пәс адам сол Әміре Қашаубаев па? Әлі де болса маған бірдеңені дәлелдемек болады... Көпе-көрінеу жылап тұр. Бірақ бұл мастықтың әсерінен төгілген көз жасы емес еді. Жоғалған, алданған өмірдің ащы солығы еді. Қазір даусынан айырылған шағында оның кездесіп, бас қосар адамы да шамалы, оған көңіл бөліп жатқан ешкім жоқ. Өзінің жалғызсырап қалғанына, елеусіз

– Мсье Амрэ, әншілік білімнің негізін қайдан алдыңыз? – Әуелі халқымнан, сосын жеріміздің сұлу табиғатынан. – Даусыңыздың сұлулығы мен күштілік ерекшелігінің сыры неде? – Қазақ әні кең далада туады, сондықтан ол дала сияқты сұлу әрі алысқа жететіндей күшті болуы керек.

(Әміре Қашаубаевтың 1925 жылы Парижде өткен дүниежүзілік этнографиялық көрмеде француз журналистеріне берген сұхбатынан үзінді)

қалғанына қатты қамығады ол», — деп жазады өзінің «Дүйім дүлдүлдер» атты еңбегінде. Ащы да болса шындық осы. Өміріне төнген қауіпті сезсе керек, қайтыс боларынан аз уақыт бұрын сол кезде небәрі 27 жастағы композитор Ахмет Жұбановқа барып: «Әлдеқандай жағдай бола қалса, үйдегі қаршадай екі қызыма көз қырыңды сала жүргейсің», — деп отбасын аманаттап кетіпті. Бұл — 1933 жылы болған оқиға. Арада бір жылға жетер-жетпес уақыт өткенде алапат әнші бақиға аттанады. Париж сапарынан кейінгі өнерпаз өмірінің тозаққа бергісіз тоғыз жылы осылайша қайталанбас талант иесінің тамырын үздіксіз балталап, ақыры қиып тынды.

ҮЗІЛГЕН ӘН...

...1934 жылдың 7 қарашасы. Осы күні Евгений Брусиловский жазған қазақтың тұңғыш операсы «Қыз Жібек» қойылымының премьерасы өтті. Қазак өнері үшін үлкен жаңалық! Халықтың қошеметінде шек жоқ. Шебер өнер көрсеткен: Күләш Байсейітова, Құрманбек Жандарбеков, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков, Қанабек Байсейітовтей өнерпаздарға шексіз ілтипатпен толассыз шапалақ соғып, ризашылығын білдірісіп жатқан шат-шадыман шакта қазақ өнерін ойсыратып кеткен қаралы хабарды да естіді жыйылған жұрт: «Ән атасы Әміре Қашаубаев қайтыс болды...».

«Лениншіл жас» газетінің 11 қараша күнгі санында мынадай некролог берілді: «Ноябрың 5-інен 6-сына қараған түнгі сағат үште Қазақстанның белгілі халық әншісі Әміре Қашаубаев аз құн ауырып, қайтыс болды». Бұл — ресми дерек. Ал бейресми мәліметке сүйенсек, қойылымнан өзіне лайық рөл бұйырмаса да, театрға күнде келіп, дайындыққа қатысып, операның сахналануын асыға күтіп жүрген әншінің жансыз денесі дәл өзі тағатысздана тосқан «Қыз Жібегінің» тұсауы кесілетін күн қарсаңында опера театрына жақын маннан табылыпты. Бұл болжамды «Казахстанская правда» газетінің 1945 жылғы 25 қарашадағы нөмірінде жарық көрген жазушы Николай Ановтың мақаласындағы: «Враги народа, травившие Амре, хотели похоронить славу народного певца в одной могиле с покойником», — деген мына бір сөзі әрі қарай растай түседі. Қаламгер жазбасындағы бұл жолдар Әміре Қашаубаев өкпе қабынуы салдарынан болған аурудан емес, қасакана жасалған қастандықтың құрбаны болғандығын күмәнсіздендіреді. Әлі күнге дейін құпиясы толық ашылмай жұмбақ күйінде қалып келе жатқан әнші өліміне қатысты дерек осындай. Ал жақында ғана Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатында болған Қазақстан Ұлттық телеарнасының шығармашылық ұжымы Әміренің өліміне қатысты ешқандай қылмыстық іс қозғалмағандығы, 9 жыл бойы әншіні формальды түрдегі болса да негізі жоқ тергеулермен қинағандығы жайлы сұмдық деректі мәлімдеді. 1937-38 жылдардағы репрессияда ұлт мұраты жолында қыран салған ұлтшыл арыстарымызды қынадай қыран жауыз жүйенің тырнағына алғашқылардың бірі болып ілініп, жазықсыз құрбаны болған ұлы әнші Әміре Қашаубаев өлімінің жұмбағы мен шындығы осы.

Назерке ЖҰМАБАЙ



Ел ішінде аңыз бар

«Қожамқұлдың «көкқасқасы» деген бәйгі ат болған. Талай жерден орын алып келіп жүрген. Қожамқұл қайтыс болып, баласы Мақсұт оған Далашықта ас береді. Аттар Торайғырдың етегінен Далашыққа дейінгі аралыққа жіберіліпті. Соған осы Көкқасқа да қосылып бірінші келген. Бәйгеге қосылған аттардың ішінде сырттан келген бір торы ат болыпты. Қырғыздың сыншысы торы атты көріп, Мақсұтқа «бәйгіні бүгін жібер, мына аттың сууы бір күнге кем болып тұр. Ертең жіберсең, бізге бас бәйге жоқ» депті де, сол күні ат шаптырыпты. Айтқанындай көкқасқа бәйгеден бірінші болып келіпті. Торы аттың иесі астан ренжіп кетіпті. Көкқасқа қартайып, алжып өлген. Басы Далашықтағы Табанқарағай деген жерде әлі күнге сақтаулы. Басын балашықтың басына іле салса керек. Қазір ол қарағай үлкен болып кеткен. Бастың қуыс-қуысынан бұталар шығып тұрады. Мақсұт болыс болған адам».

Бұл тұста аттар жіберілген Торайғырдың етегі деп отырғаны қазіргі Алғабас ауылы орналасқан тұс. Бәйгенің басталған жері, негізі, Торайғыр жотасы басталатын жерге қарсы бет болуы керек. Өйткені ортада Шелек өзені бар. Сондықтан аттар жіберетін ыңғайлы жер Шелекке Жіңішке өзені қосылатын саға. Ал көмбе Далашық жайлауында болған. Яғни аттарды тау етегінен өрге қарай шаптырған.

Егер бәйгеге қосылған аттардың көтерілген биіктігін есептейтін болсақ, Алғабаста ат қосылған жердің теңіз деңгейінен биіктігі жобамен 1400 метрді құраса, Далашықта (көмбеде) бұл көрсеткіш 2600-2700 метрді көрсетеді. Екі аралағы айырмашылықты есептесек, 1200-1300 метр шығады. Аттар үнемі өрге шапқан. Бұл сынға тек таулы жердің жүйрігі ғана шыдары сөзсіз. Арқа секілді жазықтан келген тұлпардың бұл сында өкпесі күйіп кетері анық.

Жалпы Кеген, Нарынқол халқы таулы аймақта мекендегендіктен, осы таудың теріскейін қаптай өсетін қарағайды тұрмыс-тіршілігінде кенінен пайдаланады. Осы себепті қарағайды жасына, бітіміне қарай жіктеудің, өңдеудің көптеген түрі қалыптасқан. Соның бірі – жергілікті халық арасында қарағайдың жас ерекшеліктеріне сай аталымдарынан көрінеді. Жоғарыда Көкқасқаның басын «балашыққа іліпті» дегендегі «балашық» сөзі қарағайдың енді бой көтеріп келе жатқан түрі. Қарағайдың «балашықтан» (1-1,5 м) кейінгі жетілуі «өрім» (3 м), одан кейінгілері «шанжа» (*діңінің, яғни етегі мен жоғары жағы бірдей жуандықта болуы*), «сілеген» (*бұтақтарының жоғарыда орналасуы*) және ең жетілген түрі «балқарағай» болып аталып кете береді. Қазақтың «өрімдей жас» деген теңеуі, осы жас қарағаймен адам жасының теңестіріле атауынан шыққан.

Осы тұста тоқтала кететін жайт, таулы елді мекендерде жүргізілген археологиялық қазба кезінде, Сақ қорымдарынан жиі шығатын бөренелерді көргенде, қазба жұмыстарына тартылған жергілікті ауыл жігіттерінің (*біз байқай бермейтін жайттарды көріп*) қызыға назар аударатындығы өз алдына бөлек әңгіме. Олар өңделген бөренені қарап, сақтардың таудан сүйреп түсіру үшін ағашты жону, өңдеу тәсілінің өздерінікімен бірдей деп, «бұларда біз сияқты шапқан екен-ау», «құлақшалары да дәл солай» деген секілді таңданыстарын білдіріп, салыстырып жатады. Ауыл жігіттерінің әңгімелеріне құлақ түріп, ата-бабаларының мыңдаған жыл бойы осы жерде өмір сүріп, осы табиғи ортада тіршілік кешіп келе жатқанын мойындағандай боласыз.

Көкқасқаға байланысты кездестірген тағы бір мәліметтің сипаты мынадай:

«Қызылбөрік-құдагелді Дәулетбақ деген бай болған. Мың жылқы біткен кісі. Ел «Дәулетбақтың қарала жылқысы» дейді. Мың жылқы келіп су ішкенде Жіңішкенің өзені ақпай қалады екен. Асы жайлауында бір ас болатын болып соған ат қоспақ болғанда, Дәулетбақтың мың жылқысының ішінен бәйгеге қосар бір ат

ОЛАР ӨНДЕЛГЕН
БӨРЕНЕНІ ҚАРАП,
САҚТАРДЫҢ ТАУДАН
СҮЙРЕП ТҮСІРУ ҮШІН
АҒАШТЫ ЖОНУ, ӨНДЕУ
ТӘСІЛІНІҢ ӨЗДЕРІНІКІМЕН
БІРДЕЙ ДЕП, «БҰЛАРДА
БІЗ СИЯҚТЫ ШАПҚАН
ЕКЕН-АУ», «ҚҰЛАҚШАЛАРЫ
ДА ДӘЛ СОЛАЙ» ДЕГЕН
СЕКІЛДІ ТАҢДАНЫСТАРЫН
БІЛДІРІП, САЛЫСТЫРЫП
ЖАТАДЫ

шықпапты. Сыншы жылқыларды аралып көріп, «Көкқасқадан басқа ат жоқ» — депті. Көкқасқа ол кезде қартайған кезі екен. Күнделікті ат жарату, оның терін алу кәрі атқа киын тиетіндіктен, Табан деген (*Шетенді жақ болуы керек*) жерде тастан монша соғып «тас бұлау» арқылы аттың терін алыпты.

Заманында Жетісуға аты шыққан қас жүйріктің бірі – Қожамқұлдың көкқасқасы деген желқанат пырақ болыпты. Көкқасқа Алматы облысының Таушөлек, Жіңішке бойындағы қызылбөрік руының басына көтерген мақтанышы екен. Далашық жайлауы шоқ-шоқ тоғайлы болып келеді. Бұл тоғайлар қарағайдан тұрады. Осындай тоғайдың бірін жергілікті халық қас жүйріктің құрметіне «Көкқасқаның қарағайы» деп атап кеткен. Негізгі атауы «Табанқарағай» болған дейді. Көкқасқаның ажалы осы қарағайда жетіп, содан оның атымен аталып кеткен. Жергілікті халық көкқасқаның өлімі жайлы әртүрлі пікір айтады. Бірі – «осы тоғайдың тұсында астан қайтып келе жатып, жүруге шамасы келмеген соң қалдырып, ертесіне келсе қасқыр жеп кетіпті» десе, енді бірі «осы тоғайдың тұсына келгенде әлі бітіп өліпті» — дейді. Бір анығы – көкқасқаның өлімі осы тоғайда болғаны. Елдің арасынан ұшыратқан әңгіменің бірі келесідей:

бұтаға ілінген басының шүйде тұсы ғана қалған.

Біз барып көз жеткізгендегі көкқасқаның басының сипаты, осы Садыров Айдардың сипаттағанындай. Тұлпардың тек бұтаққа ілінген бас сүйегінің шүйде тұсы ғана қалыпты.

Жанашыр адамдар қарағайдың осы тұсын кесіп алып қасындағы жас қарағайға, адам бойынан биіктеу тұсқа тартып қойыпты.

Бұл Көкқасқаның басы бүтін тұрған кезде көрген адамның бірі – жазушы Тұрсын Жұртбаев ағамыз. Ол кісі көкқасқа жөнінде «Жіңішке өзенінен Далашыққа асатын асудың алқымында «Көкқасқа айғырдың басы» деген бір түптен өсіп шығып, үш сала боп бұтақ жайған қарағайды көрдім. Үш бұтақтың ортасында қарағайдың діңіне сіңісіп кеткен аттың қу басының мандайы мен көз сүйегі көзге әрең ілінеді. Сөйтсем, бұл осы өңір дүлдүл атаған Көкқасқа аттың басы екен. Бәйгеге Асының алқымынан қосылып, Сатыдағы көмбеге жеке-дара жете бергенде өліп кетіпті. Бұл

КӨКҚАСҚАНЫҢ

БАСЫ

(экспедиция жазбаларынан)

Осы Асы жайлауында болған аста Көкқасқа ат бәйгеден келіп, қызылбөріктердің мерейін тағы бір асырыпты. Қайтар жолда, осы басы қойылған жерде ажалы жетіпті. Көкқасқаны сойып, басын сол тұста тұрған балашыққа іліпті. Ертоқымын да бір бұтаққа жауып қойған екен. Әрлі-берлі өткен ел көкқасқаның басы ілінген қарағайға актық байлап, түбіне тиын-тебен тастайды екен. Ескі тиындар бертіңге дейін жататын. Ел содан бері бұл жерді «Көкқасқа» деп, ал қалың орманды «Көкқасқаның қарағайы» деп атап кеткен. Бертінде бұл қарағай құлап, ел көкқасқаның басы ілінген тұсын кесіп алып, қасында тұрған жас қарағайдың (*өрімге*) діңіне троспен тартып қойыпты. Бүгінде көкқасқаның тек



Көкқасқа
тұлпардың
шүйде сүйегі

Алатаудың бергі қапталынан шығып қарлы шындарды, құзар шынырауды басып өтіп, екінші шыңға қайта көтерілу деген сөз. Кемінде 70-80 шақырым. Талай рет сол сынақтан өткен Көкқасқа шауып келе жатып, шыңға иегін сүйеп барып, жантәсілім беріпті. Иесі Дәулетбақ байдың ағасы, не інісі екен. Анығын ұмытып қалыппын. Ат иесі қарағайды кесіп, Көкқасқаның басын соған тігіп кетіпті» деп жазалды.

Көкқасқа аттың иесі Қожамқұлдың ата-тегіне тоқталар болсақ, Әжібай батырдың Жалбы деген ұрпағынан тарайды. Ел аузында «Жалбы жатқан адамның жамбасын кесіп алады» деген сөз бар. Барымтаға бейім болыпты. Бұл қасиет ұрпағына да берілген. Мақсұт малды болса да, маңайында қарулы жігіттер ұстаған. Жан-жақтан мал айдапты алады екен. Тіпті үйіне түскен қонақтың аты семіз болса, түнде бауыздап тастап, «әй, неге жатырсың, ана атың үйелеп өлейін деп жатыр екен. Арам кетпесін деп бауыздап қойдым» — деп, ертесіне қонаққа бір нашар ат мінгізіп жібереді екен.

Құрметіден төмен «Маман сазы» деген жер бар. Мақсұттың баласы Маман да елдің малын айдапты алып, осы саға тығып ұстапты. Қолы жеткен, тілге шешен адамдар болмаса, былай ешкім батып келмепті. Осы Маман аумалы-төкпелі (*жергілікті халықтың айтуында «үркіншілік»*) жылдары Қытайға өтіпті. Ол жақтада малмен ұсталған болу керек, содан өлім жазасына кесіліпті, атылуға кетіп бара жатып «Маман ұры емес, заман ұры» деген бір ауыз сөз айтыпты. Үкімнің орындалуын қадағалап отырған қытай офицері қасындағы тілмаштан «анау не делі?» деп сұрайды. Тілмаш Маманның сөзін аударып береді. Қытай офицері сөз бағалай білетін адам болуы керек, Маманның айтқан сөзін ұнатып қалып, сол жерде босатуға бұйрық береді. Осылайша Маман бір ауыз сөзбен өлім аузынан қалыпты.

Археологиялық экспедиция кезінде көкқасқа жөнінде ұшыратқан мәліметтерім осындай. Бұнымен көкқасқа жөнінде толыққанды мәлімет алдым деп айта алмаймын. Негізгі жұмысым — археологиялық қазба жұмыстары болғандықтан, ел арасына уақыт тауып шыға берудің мүмкіншілігі шектеулі. Осы мәліметті берген жігіт ағалары өздерінің әңгімесін шала деп мойындап, көкқасқа жөнінде негізгі білетін кісілер деп Алғабаста Құдайберген Сімтікөв және Жаланақта Мелеу деген қарияны айтты. Өкінішке қарай, бұл кісілермен жолынудың сәті түспеді.

Орынбай ОШАНОВ,
тарихшы-археолог



Дау-дамай

Футболда келісілген матч туралы көп естиміз. «Ақша жүрген жер» солай деп қолымызды бір сілтей саламыз. Ал бұл жолы жағдай ушығып бара жатыр. Онсыз да дамымай жатқан футболымыз «интригадан» көз ашар емес. Осыдан шамамен бір ай бұрын болған «Ордабасы» мен «Ақтөбе» клубының ойыны әлі күнге қызу талқылануда.



Осы аптада «Ақтөбе» футбол клубының атқарушы директоры Дмитрий Васильев Алматыға келіп, өзіне тағылған айыпты шындыққа жанаспайтынын мәлімдеді. Оның сөзіне сенсек, ғаламторда тараған аудиозаба монтаждалған. Д.Васильев «Оларға Байсейітов екеуім керек емеспіз. Бар мақсаты — Қазақстан Футбол федерациясының президентіне күйе жағу. Аудиозабадағы әңгіме болған жоқ. Ол менің дауысым емес», — деді. Тіпті ол бұл істің басында кім тұрғанында айтты. Қазақстан Футбол федерациясының бұрынғы бас менеджері Асқар Ұранхасов бастаған топ екен. Оларға «Қайрат» қолдау көрсетіп отыр дейді. Әзірге футбол федерациясы бұл мәселеге қатысты ешқандай мәлімдеме жасаған жоқ.

Мәселе қайда жатыр?



Уәлихан КОСАНБАЙ, спорт комментаторы:

«Ордабасының» бас бапкері Бақтияр Байсейітов пен «Ақтөбе» клубының директоры Дмитрий Васильев арасындағы келісілген ойынды ұйымдастырдымыс деген әңгіме шындыққа жанаспайды деп ойлаймын. Бұл екі азаматтың телефон арқылы сөйлескені де әдейі жасалған дүние. Неге? Себебі бұрнағы күні Васильевті де, Байсейітовті де орнынан кетіргісі келетіндер

көп. Бұған дейін де Дмитрий Пантелевич туралы шу көп болған еді. Бақтияр Даниярұлы да шымкенттік жанкүйерлер «кетсін» деп сан мәрте ашық айтты. Нақты кім екенін білмеймін. Бірақ осы сәтті кейбіреулер пайдаланып, осындай дау арқылы бұл азаматтарды орнынан ысырып тастауды көздеген сияқты. Өйткені, Д.Васильев ҚФФ президенті Ерлан Қожағаппановтың жақын досы. Осы әрекет арқылы олар Ерлан Тоқтарханұлын да қызметінен айырғысы келген. Мен негізі Васильевті жақтаушылардың қатарынан емеспін. Бірақ адамды бұлай қаралауға болмайды. Көзбен көріп, қолмен ұстап алмаған соң, әртүрлі алып-қашпа әңгімелерді айта беру оңай.

Тарту



Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Конституция күніне орай Маңғыстау облысының орталығында мерекелік велошеру өтті. Сонымен қатар мерекеге орай жалпы аумағы жеті шақырымды құрайтын жаңа автокөлік жолы пайдалануға беріліп, тұрғындарды қуанышқа бөледі. Шараға аймақ басшысы Алик Айдарбаев пен әкімдік өкілдері, Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Әділбек Ниязымбетов пен Олимпиада қатысушысы Берік Әбдірахманов қатысты.

Бүгін біз мерекеге орай мерзімінен бұрын пайдалануға беріп отырмыз. Жолдың сапасы жаксы, жолға қажетті пайдаланылған материалдар жергілікті өнімдер екенін атап өткім келеді, — дейді.

Мерекеге орай ұйымдастырылған велошеруге қатысушы, салауатты өмір салтын ұстанушылар жеті шақырым болатын жолды облыс басшылығымен бірге велосипедпен жүріп өтті. Велошеру автокөліктік иелері үшін мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығынан басталып, 17 шағынауданына дейін жалғасты. — Мерекеге орай үлкен жолды пайдалануға беріп жатырмыз. Бұл жол

ВЕЛОШЕРУ

«КазСтрой» мекемесінің техникалық директоры Бактығали Қонакбаев «Бүгін біз екі автожолды пайдалануға беріп отырмыз. Бірі — «Дукат» тұрғын үй кешенінен «Ақтау-Сити» аумағына дейінгі және №15 автожол мен оралмандарды бейімдеу орталығынан «Ақтау-Форт-Шевченко» автожолына дейінгі жол. Екі автожолдың екі жағынан жаяу жүргіншілер үшін тротуарлар мен көшені жарықтандыру да қарастырылған. Асфальт жолымыз пайдалануға толықтай дайын. Жолдың құрылысы 2015 жылдың қазан айында басталды. Негізінде тапсыру мерзімі-2017 жылдың қазан айы болатын.



ЖАҢА ЖОЛДА



Ақтау қаласын солтүстік бағытта дамытуға арналған жол. Әрине, тұрғындарға барлық жағдайды жасау үшін біраз уақыт керек, қаражат та керек. Оның барлығын біз рет-ретімен жасап жатырмыз. Біз қаламызды заманауи, демалысқа да, жұмысқа да ыңғайлы еткіміз келеді. Алдағы жылы бұл жолды ұзартып, резиденция артындағы жағалауға дейін жеткіземіз. Ол жакка жағажай, велосипед пен жүгіруге арналған жолдар да салу қарастырылған. Сондай-ақ Өмірзақ ауылы, теңіз порты жанынан жағажайға алып баратын жол салу да жоспарланған. Бұл жұмыстардың барлығы кезең-кезеңімен іске асатын болады. Бүгінгі мерекемен барша маңғыстаулықтарды құттықтаймын. Әр отбасына береке, ынтымақ тілеймін, — деген өңір басшысы Алик Айдарбаев велошеруге алғаш рет қатысып отырғанын атап өтті. Шара аясында дәрігерлер велошеруге қатысушылардың денсаулықтарын тексеріп, қан қысымдарын өлшеді.

Каратэ-до

ИСПАН ТӘЖІРИБЕСІ

Биыл Халықаралық Олимпиада комитеті каратэ-до спортын бағдарламаға қосу туралы шешім қабылдаған болатын. Осыған орай тамыз айының 23 мен 30 аралығында облыс орталығындағы «Волна» спорт мектебінде испандық жаттықтырушылардан тәлім алып, шеберлік шыңдау сабағы ұйымдастырылды. Тәжірибелі мамандар Антонио Олива Себа мен Анджел Делгадо Позодан 100-ге жуық каратэшi бiлiм алды.



Маңғыстау облысы каратэ-до федерациясының президенті Бекмұрат Жүсіпов «Өздеріңізге белгілі каратэ-до спорты Олимпиада ойындарына енгізілді. Енді 2020 жылы Токиода өтетін жарыстарға біздің маңғыстаулық каратэшiлер де қатысып, ел намысын абыроймен қорғайды деп сенеміз. Каратэ-донның Олимпиада ойындарына енгізілуіне орай халықаралық каратэ-до федерациясы осы спорт түрі жақсы дамып келе жатқан мемлекеттерге халықаралық дәрежедегі белгілі жаттықтырушыларын жіберіп, тәжірибелерімен бөлісуге шешім қабылдаған болатын. Еліміз бойынша



оқу-жаттығу жиыны біздің облыста өтетін болып тандалды. Бүгінгі шеберлік сабағына еліміздің барлық өңірінен және Грузия, Ресей мемлекеттерінен де спортшылар мен жаттықтырушылар, төрешілер қатысуда. Жалпы аймақта мыңнан астам спортшы спорттың осы түрімен айналысады. Алдағы уақытта барлық аудандарда каратэ-до секцияларын ашу жоспарланған, — дейді.

70 жастағы испандық жаттықтырушы Антонио Олива Себаның айтуынша, біздің каратэшiлердің деңгейі жоғары, қабілеті мықты. Сондықтан да



олардың арасынан Азия, әлем чемпионаттарында топ жарып, Олимпиада шыңын бағындыратын каратэшiлердің шығатыны даусыз.

Халықаралық каратэ-до федерациясының жаттықтырушысы Антонио Олива Себа «Ақтау қаласына бұған дейін де келіп, тәжірибеммен бөлісіп жүрмін. Бұл жолғы менің мақсатым — Әлем, Азия, Олимпиада чемпиондарын дайындау. Оларға дұрыс бағыт-бағдар беру. Жарысқа спортшыларды дайындайтын бапкерлердің біліктілігін арттыру, заманауи тәлім-тәрбие беру. Каратэ-донның жана техникасын үйрету. Жалпы қазақстандық спортшылардың деңгейі, физикалық тұрғыдан қабілеті өте мықты екенін атап өткім келеді. Сондықтан да алдағы Олимпиада ойындарында әлем қазақстандық жана чемпиондармен танысады деп сенемін», — деді.



Сондай-ақ шара барысында жаттықтырушылар мен төрешілерге халықаралық жарыстың жана тәртібі мен ережесі түсіндірілді.

Бетгі дайындаған Фарид МҰНАЛҚЫЗЫ



Мұнайлы Маңғыстауда ұлан-асыр той. Маңғыстау мұнайының 55 жылдығы, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығымен қатар мұнайшылар мерекесі кең көлемде тойланды. Осынау мерейлі мейрам өркениетті өзгертіп, тұрмысымызды түзеген, шикізаттың шежіресі бастау алған Жетібайда атап өтілді. Маңғыстау мұнайшыларының мерекесі толассыз құттықтау лебіз бен игі шараға, құрмет- қошеметке толы болды.

Мерейлі мереке Жетібай жерінде алғаш мұнай ашқандарға орнатылған ескерткіш жанында еліміздің көрнекті мемлекет қайраткері, 1964-1977 жылдары «Жетібаймұнайгаз» басқармасында еңбек еткен Нұрлан Балғымбаевқа арналған мемориалдық тақтаның ашылу салтанатымен басталды. Жиынға облыс әкімі Алик Айдарбаев, облыс әкімінің орынбасары Сүйіндік Алдашев, облыстық мәслихат хатшысы Бекмұрат Жүсіпов, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ өкілдері, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы, ардагерлер, мұнайшылар және ауыл тұрғындары қатысты.

Облыс әкімі А.Айдарбаев «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасы — ел экономикасының дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатқан кәсіпорындардың бірі. Оны Маңғыстау мұнай-газ кәсіпшілігінің локомотиві десек қателеспеспіз. Осы қарашаның елімізге белгілі Нұрлан Балғымбаев, Ләззат Қиынов сынды елге белгілі азаматтар еңбек етті. Өзім де осы шаңырақтың түлегімін. Нар тұңғалы азаматтармен үзгенгілес болғанымды зор мақтанышпен, үлкен қуанышпен еске аламын. Мұнайшы мамандығының бар қиындығы мен қызығын бір кісідей білемін. Қадірлі мұнайшылар, мерекелеріңіз құтты болсын!», — деді.

Сондай-ақ салтанатты сәтте өндірістік басқарма алаңында бой көтерген «Еңбек даңқы» мұражайының лентасы қиылды. Маңғыстау мұнайының тарихынан сыр шертетін мұражайға суреттер галереясы, өндіріс алаңының макеті, кішігірім мұнай мұнарасы, қол еңбегін қажет ететін құрал-жабдықтар, Жетібай кен орындарынан өндірілген мұнай үлгілері, құжаттар және баспасөз бетінде жарық көрген мақалалар қойылған. Мұнайшының жұмыс киімдері мен үстелі, ыдыс-аяқтары, демалатын орны бір бөлмеге жасакталған. Мұражайды аралаған көпшілік тарихи бейнеузікті тамашалады.

1955-1998 жылдары «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ президенті болған Меңдеш Салихов «Бұл мұражай өмірдегі мұнай саласының дамуынан, өткен тарихынан, мұнайшылардың еңбек жолынан, жаңалықтардан хабар береді. Жастарымыз осы мұражай арқылы өткен тарихымызды, елге еңбек еткен майталман мұнайшыларды танып-біліп, тағылым мен тәлім алады. Елімізге белгілі мұнайшылар осы қарашаның еңбек етіп, тәжірибе жинақтап, үлкен белестерге қадам басты. Барша маңғыстаулықтарды, мұнайшыларды мерекемен құттықтап, бастарына амандық, отбасыларына құт-береке тілеймін!», — деді.

Мұнайшылар мерекесінде алаңға әсем безендірілген сахна құрылып, тігілген киіз үйлерде мол дастарқан жайылды. Елімізге белгілі әншілер мен жергілікті өнерпаздар әсем әннен шашу шашып, күмбірлетіп күй төгіп, көпшілікке көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару жөніндегі вице-президенті Серік Әбденов басқарма төрағасы Сауат Мынбаевтың құттықтауын жеткізді.

— Сіздерді «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 50 жылдығымен құттықтаймын! Еліміздің байырғы кәсіпорындарының бірі саналатын аталмыш басқарма елу жыл ішінде мұнай-газ секторының құртамшырына айналды. Кәсіпорын ұжымы мұнай өндірудің қыр-сырын жетік меңгере отырып, алдарына қойған міндеттерін жүзеге асыруда біліктілік пен кәсіби шеберлік танытып келеді. Алдағы уақытта да сіздердің биіктерден көрінетіндіктеріңізге сенімдімін. Құрметті әріптестер, сіздерге зор денсаулық,

баянды бақыт және ұзақ өмір тілеймін. Отбасыларыңыз әрқашан амандықта болып, шаңырақтырыңыз шаттық пен ырысқа толысын. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбектеріңізде жана жетістіктерге жетіңіздер, — делінген құттықтау хатында. Салтанатты жиында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы Биян Дәжи, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры Бакыт Иманбаев және бас директордың бірінші орынбасары Пәй Цзяньшэн және өзге де қонақтар құттықтау сөз сөйледі. Ақжарма тілектер айтылып, құттықтау лебіздер толастағаннан кейін ел ырыздығын еселеуде жемісті еңбек еткен бірқатар еңбек адамдарына құрмет көрсетілді. Екпінді еңбек тынысын толастатпай, кен орнында өндірістің қазанын бүрк-сарк қайнатып жүрген мұнайшыларға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның, CNPC компаниясының, кәсіподақтардың, облыс әкімінің, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының марапаты табысталды. Бұл күні қазақша күрес, кір тасын көтеру, арқан тарту сынды ұлттық спорт түрлерінен жарыс ұйымдастырылып, мерекенін шырайын келтірді.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ, Суреттерді түсірген Серік МАЙМЕЕРОВ, Талант ҚҰСАЙЫН



Баландин атындағы бассейн

Алматыда әл Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Мәңгілік ел» атты түлектер және студенттер аркасы ашылды. Қаланың 1 000 жылдығы мен ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған шарада Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин атындағы бассейн ашылды.

Салтанатты шараға қала әкімі Бауыржан Байбек, университет ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, Олжас Сүлейменов, Олимпиада чемпионы Дмитрий Баландин, қоғам қайраткерлері мен студенттер қатысты.

Қала әкімі Б.Байбек «Студенттер мен түлектердің триумфальды аркасы «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына арналған. Ол қаланың белгілі нысандарының біріне, білім рәмізіне айналады. Ал жүзу бассейнін ашу студенттік спорттың дамуына жанаша серпін береді»,

— деп атап өтті. Мерекелік шара — жүзуден тұнғыш Олимпиада жеңімпазы Дмитрий Баландин атындағы 25 метрлік бассейнді ашумен жалғасты. Чемпион ризашылығын білдіріп, Баландин атындағы бассейн болатыны түсіме де кірмеген дейді. Ол «Осындай құрмет көрсетілгені үшін алғыс айтамын. Бассейнге менің атым берілді деп ешқашан ойлаған емеспін», — деді. Сондай-ақ Д.Баландин арқаның ашылуы да маңызды оқиға екенін атап өтті.

Салалық спартакиада көшбасшылары

Үстіміздегі жылдың 4-6 қыркүйегі аралығында Астанада Рио жаңғырығы айқын сезілді. Бұл күндері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобы Спартакиадасының ақтық кезеңі өтіп, еліміздің барлық аймағынан келген қатысушылар Елорданың спорт алаңдарына шықты. Мұнай-газ саласының спортшылары өздерінің кәсіби мерекесінде күш пен бақ сынасты. Жеңіс тұғырына көтерілуден бәрінің де дәмесі бар еді. Дегенмен жарыс нәтижесінде ең көп жүлдені «ҚазТрансОйл» компаниясының қызметкерлері иеленді.



Мұнай тасымалдау саласының қызметкерлері жарыстың барлық түрінде ең үздік команда атанды. Үстел теннисінен Татьяна Сейітова (*Шығыс филиалы*), шахматтан ерлер арасында Валерий Алдаяров (*Шығыс филиалы*) және «ҚазТрансОйл» АҚ құрамалары шағын футбол мен волейболдан алтын жүлдеге қол жеткізді.

Спартакиада күмісі 4x100 метрлік аралас эстафета жарысында «ҚазТрансОйл» АҚ командасына, сондай-ақ жеңіл атлетикадан компанияның Шығыс филиалындағы Дмитрий Бутковқа бұйырды.

Құрметті үшінші орынға дойбыдан әйелдер арасында Шынар Ханалина (*Батыс филиалы*), үстел теннисінен Фархат Тәшібаев (*Батыс филиалы*) және шахматтан әйелдер арасында Айнагүл Бітішева (*Батыс филиалы*) көтерілді.

Тоғызқұмалақтан Жанар Мұхамедғалиева (*Батыс филиалы*) және жеңіл атлетикадан Шығыс филиалының қызметкері Ольга Климова төртінші орын алды.

Айта кету керек, үстел теннисінен алтын жүлдегер атанған Татьяна Сейітоваға Спартакиаданың салтанатты жабылу рәсімінде жарыс жалауын түсіру құрметі ұсынылды.

Жарыс спорттың 9 түрінен өткізілді. Оған ҚМГ компаниялар тобындағы 30 мекеменің 500 қызметкері атсалысты. Жарыстың басты мақсаты — салауатты өмір салтын насихаттау, сала қызметкерлерін дене шынықтыруға тарту және қызметкерлер арасында тығыз байланыс орнату.

Мұнай тасымалдау саласындағы спортшылар тартысты доданы чемпион дәрежесінде аяқтады!



**ӘЛЕМНІҢ ӘР ПҮШІРІНГЕ
ҰШАҚ БИЛЕТІМЕН
ДЕМАЛУҒА МҮМКІНДІК**

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY



- ТІРКЕУ ЖӘНЕ ВИЗА РӘСІМДЕУ
- БИЛЕТ ҮЙ, КЕҢСЕ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНА ЖЕТКІЗІЛЕДІ
- ЖОЛАУШЫЛАРДЫ АВТОБУС ЖӘНЕ VIP КӨЛІКПЕН ТАСЫМАЛДАУ

ТҮРКИЯ!!!
Алдын ала брондау!!!
БҮКІЛ ЕУРОПА
(шопинг, демалыс, емделу)



Алматы қаласы және облысы бойынша автобустар мен автомобильдерді жалға алу

Алматы, Абылай хан даң. 71
Тел: 8(727) 278 02 13,
8(727) 279 37 75
Факс: 8(727) 279 37 68.
Ұялы тел: 8701 439 05 78
e-mail: info@temtour.net



ГОА
ОАЭ
ТАИЛАНД
КИТАЙ
МАЛАЙЗИЯ
ШРИ-ЛАНКА
ИНДОНЕЗИЯ

О. БАЛИ
ВЬЕТНАМ
ДОМИНИКАНА
ИЗРАИЛЬ
ЕГИПЕТ
МАЛЬДИВ
КАРИБСКИЕ О.

**БАРЛЫҚ БАҒЫТТАРҒА
АРНАЛҒАН ӘУЕ БИЛЕТТЕРІ**

Алматы, Төле би, Мира, 111
Тел: 8(727) 278 02 13,
8(727) 279 37 75
Факс: 8(727) 279 37 68.
e-mail: info@temtour.net

Интерконтиненталь
Желтоқсан, 181
Тел: 8(727) 258 28 04
Ұялы тел: 8701 782 70 70

Астана, Республика, 5
Факс: 8(7172) 439 559
Тел: 8(7172) 439 558; 439 306
Astana@ temtour.net

Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Мендолла ШАМУРАТОВ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор

Руслан ДОСТАЕВ

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы,

93-үй (Абай даңғылының қиылысы)

Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67

(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2114;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар.